



ӘСКЕРДІҢ  
БІР КҮНІ

5-БЕТ | ҚОҒАМ



ҚАҚТЫҒЫС  
ӨРШИ МЕ, ӨШЕ МЕ?

6-БЕТ | ШАРТАРАП



ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ  
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН

САЙЛАУ

№22  
(4455)

Бейсенбі  
23 ақпан  
2023 жыл



# АСТАНА

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ОСАЛ ТОПҚА – ГРАНТ

Биыл әлеуметтік тұрғыда осал топқа жататын азаматтарға 400 айлық есептік көрсеткіш көлемінде грант беру жоспарланып отыр. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің орынбасары Олжас Ордабаев мұндай грант жыл ішінде төрт лекпен үлестірілетінін мәлім етті.

«2023 жылы грантпен 9 мың адам қамтылады. Грант халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына беріледі. Оның мөлшері – 400 айлық есептік көрсеткіш немесе 1,3 млн теңге» деді министр орынбасары.

Вице-министрдің мәліметі бойынша осы аптада бірінші лек бойынша құжат қабылдау басталды. Бұл лекте 2,6 мыңнан астам грант беру жоспарланған. Биыл кемінде 4 лекпен грант беріледі. Құжаттар онлайн режимде business.enbek.kz сайты арқылы қабылданады.



## ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАШАН АЯҚТАЛАДЫ?

ҚР Оқу-ағарту министрлігі 2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы бұйрық дайындады.

Биыл, еліміздегі меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектептердегі сабақтар 2023 жылдың 31 мамырында аяқталады.

Ал мемлекеттік мектеп бітіру емтихандары 9 (10) сынып оқушылары үшін 2023 жылғы 2 маусым мен 13 маусым аралығында өткізіледі;

11 (12) сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары 2023 жылғы 5 маусым мен 19 маусым аралығында өтеді.

Министрлік бұйрығы 2 наурызға дейін қоғамдық талқылау үшін ашық НҚА веб-сайтында орналастырылған.

# АСТАНА – БІЛІМ ОРДАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласын одан әрі дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте елорданың білім беру және зияткерлік орталығы болуға, қаланың білім беру жүйесі халықаралық деңгейге өтуге тиіс екенін атап өтті. Осы орайда бас қаланың білім саласында серпінді жобалар қолға алынды. Алайда қалада жалпы білім беретін мектептерде және ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы мектептерде орын тапшылығы, үш ауысымды оқыту, педагог кадрлар мен балабақшалардың тапшылығы проблемасы сақталуда. Осы ретте елорданың білім беру жүйесін дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Жол картасы қабылданды.

## САЙЛАУ УЧАСКЕСІН ҚАЛАЙ АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ?

19 наурызда өтетін Мәжіліс және мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауына байланысты елордадағы сайлау учаскесін бірнеше тәсілмен онлайн анықтауға болады.

Астана қаласының әкімдігі сайлау учаскесі туралы мәліметтерді нақты уақыт режимінде мынадай тәсілдермен алуға мүмкіндік беретінін жариялады:

1. Веб-қызмет: <https://sailau.astana.kz>
2. Telegram-дағы чат-бот: [https://t.me/sailau\\_astana\\_bot](https://t.me/sailau_astana_bot)
3. Smart Astana мобильді қосымшасы
4. iKomek бірыңғай байланыс орталығы, «109» телефоны бойынша

Азаматты дауыс берудің нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның тұрғылықты жері бойынша, сол сияқты аталған учаскенің аумағында тіркелу фактісі негіз болып саналады. Мекенжай мәліметтерін тіркеу, түзету және тексеру үшін egov.kz «электронды үкімет» порталына жүгіну қажет, онда «азаматтық, көші-қон және иммиграция – халықты тіркеу және тіркеу есебінен шығару» бөліміне немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына жүгіну қажет болады.

19  
НАУРЫЗ  
МАРТА  
2023

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ  
ЖАСА!

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 475.2 \$ USD/KZT 445.65 ₪ RUB/KZT 5.98 ¥ CNY/KZT 64.84

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



## АГРОФИРМА БАСШЫСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Родина» агрофирмасының бас директоры Иван Сауэрді қабылдады. Кездесуде ауыл шаруашылығы саласын дамыту мәселелері талқыланды.

Иван Сауэр Президентке отандық ауыл шаруашылығы ғылымын кешенді түрде жаңғырту туралы ұсыныстарын айтты. Сондай-ақ еліміздің ауылдық аумақтарын дамытуға қатысты өзінің көзқарасын жеткізді.

Мемлекет басшысы дамыған инфрақұрылымымен және

тұрғындарды барынша жұмыспен қамтумен ерекшеленетін «Родина» ауылы үлгілі елді мекен саналатынын атап өтті.

Президент мемлекет тарапынан ауыл тұрғындарының табысы мен тұрмыс сапасын арттыруға айрықша көңіл бөлінетініне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл

халқының еңбек өнімділігі мен жұмыспен қамту көрсеткіштерін арттыруға, сондай-ақ ауылдағы әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды тиімді жүзеге асыру үшін бизнес-қоғамдастықпен бірлесе әрекет ету қажет екеніне назар аударды.

## КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫНА КӨМЕК

Биылғы қаңтар айында көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы 532,6 мың отбасына 33,1 млрд теңге мөлшерінде жәрдемақы төленді.

Бұл мемлекеттік жәрдемақыға 4 және одан да көп бірге тұратын, көмелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент балалары бар отбасылар, табысына қарамастан, үміткер бола алады.

Көпбалалы отбасыларға олардың табысын есепке алмай берілетін мемлекеттік жәрдемақы Қазақстанда 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тетігінде көзделген табысы аз және көпбалалы

отбасыларды қолдаудың үш негізгі бағыты аясында енгізілген.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап көпбалалы отбасыларға тағайындалатын мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері 8,5 пайызға артқан.

## ӘУЕ КЕМЕСІНДЕ ЕРЕЖЕ ӨЗГЕРЕДІ

ҚР Инновация және индустриялық даму министрлігінің 2023 жылғы 15 ақпандағы бұйрығымен әуе көлігінде жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау қағидаларына өзгерістер енгізілді.



Атап айтқанда, егер ол бекітілген талаптарға сәйкес келмесе, авиакомпания жүкті тасымалдауға қабылдаудан бас тартатыны қосылды, олар:

\* жүкті әкелу, әкету немесе транзиттеу тасымалдау жүзеге асырылатын аумаққа, аумағынан немесе аумағы арқылы сол елдің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

\* жүктің өлшемдері оның еркін тиелуін және түсірілуін, әуе кемелерінің багажы мен жүк бөлімдеріне орналастырылуын және бекітілуін қамтамасыз етеді;

\* тұрақты жолаушылар әуе кемелерінде тасымалдау кезінде жүктің салмағы мен өлшемдері авиакәсіпорынның шарттарында белгіленген шектен аспайды;

\* жүкке ілеспе құжаттар қоса тіркеледі;

\* жүк ұшаққа, адамдарға және мүлікке қауіп төндірмейді және өзінің қасиеттеріне байланысты жолаушыларға қолайсыздық тудырмайды.

Сондай-ақ алушы авиакомпаниядан әуе кемесі межелі жерге келген, жүк түсірілген және өңделген сәттен бастап жүкті және жүкқұжатты ресімдеуді талап ететіні түсіндіріледі. Жүкті жеткізу әуе кемесі келген сәттен бастап 2 сағаттан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Бұл ретте әуежай әкімшілігі жолаушыларды, багажды және жүктерді әуе көлігімен тасымалдау тәртібін әуежайдың ресми интернет-ресурсында орналастыруы керектігі айтылады.

Бұйрық 2023 жылғы 4 наурыздан бастап күшіне енеді.

## АСТАНАДА ЭЛЕКТРЛІ КӨЛІКТЕР КӨБЕЙЕДІ

Электр қуатымен жұмыс істейтін автомобильдердің ең көп саны Алматыда тіркелген. Үздік үштікте Солтүстік Қазақстан облысы және Астана қаласы бар.

Елордада қазіргі таңда 200-ден астам электрөкілі бар. Елордадағы қуаттау стансаларының көбі бір көлікке ғана қуат береді. Ал қуаты 50 кВт-тан асқан стансалар бір мезетте 2 электрөкілікке энергия бере алады. Өткен жылы елордада ең үлкен зарядтау стансасы ашылды. А.Бараев көшесінің бойында орналасқан станса бір мезетте 28 көлікке қызмет көрсетеді. Сондай-ақ осыдан 4 жыл бұрын елордадағы Talan Towers көпфункционалды кешенінде алты жылдам TESLA Supercharger зарядтау стансасы іске қосылды.

Астанада 2019 жылдан бастап электрөкілі автобустар қолданысқа енгізілген. Бұл қоғамдық көлік түрі қатты аяқтарда да жұмыс істей береді. Автобус тоқтап тұрғанда электр қуаты кетпейді, сондықтан олар дизельді отынмен жүретін автобустарға қарағанда 3-4 есе тиімді. Өйткені экобустар экологиялық жағынан да пайдалы. Қазір Астана қаласында жолаушылар та-

сымалын жүзеге асыратын мыңнан астам автобус болса, оның ішінде 100 автобус электр энергиясы арқылы қуат алады. Олар жұмыс уақытынан кейін автопаркте қуат көзіне жалғанады. Елорда бойынша тәртіпті қадағалайтын полиция көлігінің 20-сы да электр

энергиясы арқылы жүреді.

Жалпы Қазақстанда электр қуатымен жұмыс істейтін автомобильдер саны бір жылда 65,4 пайызға өсіп, 812 көлікті құрады. Десе де елдегі электромобильдердің үлесі бүкіл автопарктың тек 0,02 пайызын құрайды.



## ЕЛІМІЗДЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ӨСТІ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 2023 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 120659 теңге болды, оның ішінде ынтымақты зейнетақы мөлшері – 82878 теңге, базалық зейнетақы 37781 теңге болды.



сондай-ақ мүлде жоқ болса, базалық зейнетақы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60%-ына тең болса, содан кейін 10 жылдан асқан әр жыл үшін оның мөлшері 2%-ға артады. Ал егер сіздің өтіліңіз 20 жыл болса, базалық зейнетақы төменгі күнкөріс деңгейінің 80%-ына тең болады. Еңбек өтілі 30 жыл немесе одан көп болса, күнкөріс деңгейінің ең жоғарғы мөлшерінде, яғни 100% белгіленеді.

Егер бір ай ішінде міндетті зейнетақы жарналары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына бірнеше рет аударылса, жинақтаушы жүйеге қатысу мерзімі бір ай болады.

Осылайша міндетті зейнетақы жарналары неғұрлым тұрақты және толық көлемде аударылатын болса, зейнет жасына жеткенде базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері соғұрлым көп болады.

Өз кезегінде азаматтың жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 1998 жылғы 1 қаңтардағы жұмыс өтіліне (кем дегенде 6 ай қажет) және зейнеткерлікке дейінгі кезеңдегі орташа айлық табысына байланысты болады.

Ал 1 қаңтардағы жағдай бойынша орташа зейнетақы 108761 теңге болды, оның ішінде ынтымақты зейнетақы мөлшері – 74950 теңге, базалық зейнетақы – 33811 теңге. Осылайша, Қазақстандағы зейнетақының орташа мөлшері 11898 теңгеге өсті.

Министрлік таратқан ақпарат бойынша 2023 жылғы қаңтарда республикалық бюджеттен 274,1 млрд теңге сомасына зейнетақы төленді, оның ішінде базалық зейнетақы – 84,2 млрд теңге, ынтымақты зейнетақы – 189,9 млрд теңге.

2023 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша зейнеткер-

лер саны – 2 млн 292 мың адам.

2018 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі зейнетақы жүйесіндегі өтілін ескере отырып, әр алушыға жеке тағайындалып келеді.

Бұл ретте 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ынтымақты жүйеде жұмыс істеген уақыты, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МЗЖ) төленген кезеңдер зейнетақы жүйесіндегі еңбек өтіліне қосылады.

Егер азаматтың зейнетақы жүйесіндегі өтілі 10 жыл немесе одан аз болса,

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

**Ғалымдар ауа райының өзгеруі және табиғи апаттарға осал өңірлерді атады.**

Оның 16-сы Қытай аумағында орналасқан. Бірінші орында Цзянсу провинциясы тұр. Ол – экономикалық дамуы, ауылшаруашылық, өнеркәсіптік тауар шығару бойынша Қытайдың жетекші өңірінің бірі. Олардан кейін Шаньдун, Хэбэй және Хэнань аймақтары орналасқан. Табиғи апаттарға осал 50 өңірдің қатарында АҚШ-тың Флорида, Техас және Нью-Йорк штаттары, Үндістанның 9 штаты енген.



**Еуроодақ ортақ қауіпсіздік және қорғаныс мүддесі аясында Молдоваға арнайы миссия аттандыруды ойластырып жатыр.**

Бұл туралы Брюссельде өткен отырыста белгілі болды. Еуропаның Сыртқы әрекет қызметінің нақтылауына, мұндай миссиялар азаматтық әрі әскери сипатта болуы мүмкін. Сондай-ақ Еурокөмиссия Молдоваға Еуропаның Бейбітшілік қоры арқылы қолдау көрсетілетінін жеткізді. Бұған дейін Кишиневке қауіпсіздік күштеріне демеу білдіру үшін 40 миллион еуро аударылған болатын.



**Каспий құбыр желісі арқылы мұнай айдау тағы тоқтады.**

Жуырда ресейлік Каспий құбыр желісі консорциумы мұнай айдауды тоқтатқан еді. Компания оқиғаны ауа райымен байланыстырған. Компанияның айтуынша, Каспий құбыр желісінің теңіз терминалындағы қойма да толып кеткен, онда шамамен 1 млн тонна мұнай бары айтылады. Қазақстан Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ кенішіндегі мұнайының 80 пайызын осы құбыр арқылы тасымалдайды. Консорциумының жұмысы бытырдан бері бірнеше рет тоқтады.



## ҚАР ШЫҒАРУДА КІДІРІС ЖОҚ

Елордада қар тазалау жұмысы қызу жүріп жатыр. Оған күн сайын екі мыңнан астам жол жұмысшысы мен бір мыңға жуық мамандандырылған машина жұмылдырылады.

Астанада коммуналдық қызметтер қаланы қардан тазарту бойынша тәулік бойы жұмысын жалғастырады. Кеше түнде қала аумағынан 16 мың текше метрден астам қар шығарылып, полигонға 1244 рейс жасалды.

Қар жауған күндері қаланың коммуналдық қызмет мекемелерінің жұмысшыларына тыным жоқ. Өздеріне жүктелген жұмысты дер кезінде атқару үшін олар уақытпен санаспай еңбек етеді. Өйткені жауған қар жерде жата берсе тапталып, кейін оны жинау да оңайға соқпайтыны белгілі. Ақ ұлпа қалыңдаған сайын жұмыс та ауырлай

түседі. Ал бұл техниканың бұзылуына, кейде тіпті істен шығуына әкеліп соғуы мүмкін. Сондықтан қай жұмысты болсын уақытында атқарған жөн.

Жалпы қыс басталғалы бері қаладан 3,3 миллион текше метрден астам қар шығарылды, ол үшін қар полигондарына 269703 рейс жасалды. Қалың қар қала тұрғындары мен көлік қозғалысына кедергі келтірмес үшін коммуналдық шаруашылық саласының мамандары күшейтілген режимде жұмыс істеп жүр. Осылайша, бірінші кезекте орталық көшелер, жаяу жүргіншілер жолы мен аялда-

малардың маңы тазаланып жатыр.

«Қазгидрометтің» болжамы бойынша осы айда да қалада көп қар жауады. Елордада көшпелі бұлт шығып, түнде және таңертең қар, боран болады деп күтілуде. Жолдарда көктайпақ болуы мүмкін. Қалада оңтүстік-батыстан, оңтүстіктен секундына 9-14 метр жел күтіледі. Сондықтан ауа райын болжайтын мамандар қала тұрғындары мен қонақтарынан сақ болуды, көктайпақ кезінде қозғалыс ережелерін сақтауды сұрайды. Көлік жүргізу кезінде жылдамдық режимі мен қашықтықты қатаң сақтаған жөн.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ



Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті жастардың мемлекеттік қызметке тұруын оңтайландыру мақсатында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде студенттермен кездесу өткізді. Жиында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңына енгізілген өзгерістер талқыланды.

**Индира БЕРЖАНОВА**

Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметке кіруге артық кедергілерді жою және мемлекеттік қызметтен шығу тәртібін жеңілдету туралы тапсырмасына сәйкес, мемлекеттік қызмет туралы заңға қатысты жаңашылдықтарды Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Әли Көмекбаев атап өтті.

«Өткен жылдың желтоқсан айында енгізілген толықтыруларға сәйкес, енді жоғары оқу орындарының түлектері мемлекеттік тапсырыс аясында конкурстық іріктеусіз «Б» корпусының кейбір төменгі әкімшілік лауазымда-

рына жұмысқа орналаса алады. Оның ішінде жергілікті комиссиялар, орталық мемлекеттік органдардың әкімшілік лауазымдарына тағайындалады. Оқу үлгерімінің орташа балы (GPA) 3,33 бадан төмен болмайтын жастар жоғары оқу орнын тәмамдағаннан соң бір жыл ішінде мемлекеттік қызметке қабылданады. Бұл бастама білікті жастарды мемлекеттік қызметке ынталандыруға, жас мамандардың қабілетін арттыруға, сонымен қатар өңірлердегі кадр тапшылығын азайтуға септігін тигізіп, мемлекеттік қызметке кіруді жеңілдетеді» деді департамент басшысы.

Сондай-ақ студенттерге «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» жобасының жүзеге асырылуы және Президенттік

жастар кадрлық резервіне іріктеу барысы туралы айтылды. Кездесу барысында бірқатар қатысушы жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалардан хабарсыз екенін жасырмады.

– Жоғары оқу орнын тәмамдаған жастар өз мамандығы бойынша тәжірибе алу үшін «Жастар тәжірибесі» бағдарламасына жүгіне алады. Бағдарлама қатысушысы атанған жастарға ай сайын 107 мың теңге көлемінде төлем-ақы беріледі. Осы уақыт ішінде олар мамандықтың барлық қыр-сырын меңгеріп, әрі қарай жұмыс орнын таңдай алады, – деді Ә.Көмекбаев.

Ал Еуразия ұлттық университетінің әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректоры Ләззат Нұрқатова бұл кездесу студенттердің бастамасымен ұйымдастырылғанын атап өтті.

Мемлекеттік қызметке студенттердің қызығқаны сонша, кездесуде бос орын болмады. Жиынға қатысқандардың қатарында оқу орнының әлеуметтік жұмыс факультетінің 4-курс студенті Жансая Ілесбекова бар.

– Жастар үшін мемлекеттік қызметке орналасу талаптары жеңілдеді. Меніңше, бұл жоғары оқу орнын тәмамдай салысымен тәжірибе жинауға жақсы мүмкіндік бермек. Өз басым 3-курсан бастап ғылыммен айналысып, мемлекеттік қызметке қызығамын. Сондай-ақ «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебінен» үш апта мерзімінде білікті мамандардан сабақ алдым. Қазіргі таңда тағылымдаманы сәтті аяқтап жатырмын. Болашақта осы салада өзімді көргім келеді, – деді ол.

Кездесуде көкейде жүрген сауалдарына жан-жақты жауап алған студенттерге Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Әли Көмекбаев оқуда сәттілік тілеп, олардың өндірістік тәжірибеден өтуіне көмек көрсетуге дайын екенін жеткізді.

**Жойқын зілзаладан Түркиядағы ежелгі қала – Антакья тас-талқан болды.**

Көне заманда Антиохия деп аталған бұл шаһарда тарихи ескерткіштердің көбі толығымен қираған. Кейбіреуі осыдан 2 мың жыл бұрын салынған еді. Қала Жер қыртысының жарылған жерінде орналасқан. Ғимараттардың 80 пайызы бұзылды. Түркиядағы зілзала құрбандарының саны 42 мыңнан асты. Ал Сирияда 6000 адам көз жұмды. Қазір Түркияның екі провинциясында іздеу-құтқару жұмысы жалғасып жатыр. 20 ақпанда Түркияда тағы 6,4 балдық жер сілкінісі болды.



**Жапонияда ұшқышсыз аэротакси алғаш рет көкке көтерілді.**

Қытайлық «Ихань» компаниясының аппараты 2 жолаушыны 30 метр биіктікке көтерді. Сынақ 3 минуттан аса уақытқа жалғасты. Аэротакси 260 келі жүкті көтеріп, сағатына 130 шақырым жылдамдықпен қозғалады. Сынақ өткен Оита қаласының билігі енді аэротакси қызметін іске қосуды көздеп отыр. 2018 жылы Airbus авиакүрлыс компаниясы Vanana жобасы шеңберінде жасалған Alpha One ұшқышсыз таксиді алғаш рет көкке көтеріп, сынақ жұмысын жүргізген еді.

## ЖАЛДАМАЛЫ ПӘТЕРГЕ БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАЙДЫ

Астана қаласы әкімдігінің «Тұрғын үй қоры» мекемесі сатып алу құқығымен жалдамалы пәтерлерді алу бойынша қосымша байқау 27 ақпан-3 наурыз аралығында өтетінін хабарлады.

Тұрғын үй қоры бұрын жарияланған байқау бойынша кезекте тұрған азаматтардан қосымша өтініш қабылдайды.

Сарыарқа ауданының Көкталықша ауданы, 12-95 көшесі, 12/1 үйде орналасқан жалдамалы пәтерлер саны – 50. Олардың жиырма – 1, жиырма екісі – 2, сегізі – 3 бөлмелі пәтер.

Жалдамалы пәтерді алу үшін бастапқы жарна талап етілмейді, ал бір шаршы метрді жалдау құны – 1455 теңге. Пәтер 20 жылға дейінгі

мерзімге жалға беріледі. Тұрғын үй жалға алу мерзімі өткеннен кейін жалға алушының меншігіне өтеді.

Өтінішті «Тұрғын үй қоры» КММ сайтында беруге болады.

Бағдарламаға тұрғын үй кезегінде тұрған келесі азаматтар қатыса алады:

\* білім беру; денсаулық сақтау; мәдениет саласының қызметкерлері;

\* әлеуметтік қорғау саласының; полиция департаментінің; төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері.

## КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ



Байқоңыр ауданына қарасты «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында» «Кітап оқитын ұлт» тақырыбында оқырмандар конференциясы өтті. Орталықтың «Зияткерлік даму» клубы жанындағы «Ұрпаққа аманат» бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен жиында орталықтың қызметкерлері оқыған көркем шығармаларын талдады.

**Индира БЕРЖАНОВА**

Жиын барысында орталықтың қазақ тілі оқытушысы, жазушы-публицист әрі аталмыш іс-шараны ұйымдастырушы Маржан Пірімбетова кітап тарихы туралы қызықты баяндама жасады.

Конференцияға арнайы шақырылған Астана қаласы әкімдігі «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ директорының орынбасары Манат Керімбекова мен осы орталықтың бөлім меңгерушісі Сағадат Иманбекова қатысып, оқырмандардың кітап оқу мәдениетін арттыру мақсатында ұйымдастырылған конференцияның

маңызына тоқталды.

Конференцияға астанадағы №38-мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы, «Абай оқулары» республикалық байқауының жеңімпазы Мағжан Жеткерген қатысып, Абайдың қара сөздерін мәнерлеп оқудың озық үлгісін көрсетті.

Сонымен қатар іс-шараға қатысқан ардагер кітапханашы Қабира Әмірбекова бірнеше жазушының туындыларына шолу жасап, кітап оқудың құндылық екенін айтса, зейнеткер Сайлауқұл Есенбекова бүгінгі оқырмандардың ықыласына ризашылық танытты. Конференцияға қатысушылар сондай-ақ гаджеттерден көз алмайтын ұрпақтың кітап оқу арқылы рухани мәдениетін арттыру қажет екенін атады.

## ҚАТЕРЛІ ІСІКТЕН САҚТАН!

Халықаралық қатерлі ісікке қарсы күрес күніне орай елордада онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі республикалық онкүндік өтті.



Дәрігерлер қатерлі ісіктің алдын алуда скринингтің маңызды екенін ескертеді.

Ашық есік күні аясында көпсалалы медициналық орталықта 100-ге жуық адам толық тексеруден өтті. Өйткені бұл қиын аурудың өршіген ауыр түрімен күресуден гөрі алдын алу жеңілрек.

«Қатерлі ісік түрлерін ісіктің орналасқан жеріне, оның мөлшеріне,

пайда болу себептеріне және өзге де факторларға байланысты жіктеуге болады. Ағзадағы ісік процесінің дамуына дұрыс тамақтанбаудан бастап генетикалық тұқым қуалаушылыққа дейін әртүрлі себеп әсер етуі мүмкін. Қатерлі ісіктің барлық түрі белгілі бір емдеу режимін қажет етеді, бұл қалыпты жағдайды сақтауға мүмкіндік береді» дейді маман.

2023 жылғы 31 қаңтарда елорданы одан әрі дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ел дамуындағы Астананың орны ерекше екенін және таланттарды өзіне тартып, елдің білім беру және зияткерлік орталығы болуға, қаланың білім беру жүйесі халықаралық деңгейге өтуге тиіс екенін атап өтті. Бас қаланың білім беру жүйесін дамыту жайында орталық коммуникациялар қызметінің алаңында Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан СЕНҒАЗЫЕВ брифинг өткізді. Диалог алаңында білім саласының өзекті мәселелері сөз болды. Астанада білім саласындағы серпінді жобалар жүзеге асырылып жатыр. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін елордада біршама жұмыс атқарылды.

## БІЛІМ БЕРУДЕ ІЛГЕРІЛЕУ БАР МА?

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

### САЛАДА ҚАНДАЙ ПРОБЛЕМАЛАР ОРЫН АЛҒАН?

Қалада жалпы білім беретін мектептерде және ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы мектептерде орын тапшылығы, үш ауысымды оқыту, педагог кадрлардың және балабақшалардың тапшылығы проблемасы сақталуда. Мұның бәрі оқу сапасына өз әсерін тигізеді. Сондықтан елорда әкімдігі мен Оқу-ағарту министрлігі бірлесіп, 17 ақпанда елорданың білім беру жүйесін дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Жол картасын қабылдады.

Қазіргі таңда елордамыздың білім беру жүйесінде 327218 баланы қамтып отырған 653 білім ұйымы жұмыс істеуде (243-і – мемлекеттік, 410-ы – жекеменшік).

### МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ

Балалардың болашақтағы өмірлік жетістігі толығымен 3-6 жасында қалыптасқан әлеуметтік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға байланысты. Бүгінде 1-6 жас аралығында 58129 (80,9%) баланы оқытумен қамтып отырған 433 мектепке дейінгі білім беру ұйымы жұмыс істеуде (100-і – мемлекеттік, 326-сы – жекеменшік). Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының желісін кеңейту мақсатында қала әкімдігі 185 балабақшаға арналған жер учаскесін белгіледі. 2029 жылға дейінгі жоспар бойынша балабақшалардағы орындарды ұлғайту мақсатында жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда 2029 жылға дейін 38740 орынға мемлекеттік тапсырыс орналастырылады. Сонымен қатар тұрғын үй кешендерінің бірінші қабатында «қадамдық қолжетімділік» қағидаты бойынша балабақшалар желісі ашылатын болады.

### ЕҢБЕК НАРЫҒЫНА ҚАЖЕТТІ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ – МАҢЫЗДЫ ІС

Бүгінде мектепке дейінгі ұйымдарда 5817 педагог жұмыс істейді (3562-сі – мемлекеттік, 2255-і – жекеменшік), оның ішінде 24,5% (1082) тәрбиешілердің бейінді білімі жоқ. Өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 6,5% (120) төмендеді. Аталған мәселені шешу мақсатында педагогтар біліктілікті арттыру курсынан өтуде. 2022 жылы 120 педагог қайта даярлау курсына және 641 педагог біліктілігін арттыру курсынан өтті. 2029 жылға дейін мектепке дейінгі білім беру педагогтарына арналған

біліктілікті арттыру курсынан жалпы 10362 тәрбиеші өтеді. Сонымен бірге 2250 педагог қайта даярлау курсынан өтетін болады.

Шағын сәулет нысаны бойынша балабақшалардың материалдық-техникалық жағдайын жақсарту – басты назарда. Қазіргі таңда балабақшалардың материалдық базасын жақсарту бойынша кешенді жоспар қабылданды. Кешенді жоспар бойынша 2023 жылы 34 балабақшадағы шағын сәулет нысандары жаңартылды, бұл көрсеткіш 2025 жылға дейін 100% жеткізіледі.

### ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ: ЖОСПАР ҚАНДАЙ?

Жалпы білім беретін мектептердің желісі жыл сайын артып келеді. Мәселен, соңғы 3 жылда 64500 орындық 36 мектеп пайдалануға берілді. Жыл сайын оқушылар контингенті 21 мыңнан артып отыр. Бұл жылына шамамен 10 мектепті пайдалануға беру керек дегенді аңғартады.



ЕЛОРДАМЫЗДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСİNДЕ 327218 БАЛАНЫ ҚАМТЫП ОТЫРҒАН 653 БІЛІМ ҰЙЫМЫ ЖҮМЫС ІСТЕУДЕ (243-І – МЕМЛЕКЕТТІК, 410-Ы – ЖЕКЕМЕНШІК)

Қазір таңда елордада 236757 бала контингенті бар 162 жалпы білім беретін мектеп бар. Бүгінде қаламызда бала саны шамадан тыс 18 мектеп, үш ауысымды 8 мектеп жұмыс істеуде. Оқушылардың орын тапшылығы 26 мың орынды құрайды.

2029 жылға дейінгі іс-шаралар бойынша орта білім беру қолжетімділік принципі жүзеге асыру тұрғысынан бүгінгі таңда мектеп жасындағы барлық балаларды біліммен қамтып қана қоймай, заман талабына сай сапалы білім беретін жағдай жасау – басты міндетіміз. Мәселен, биылдың өзінде 20300 орындық 13 мектеп салу жоспарлануда.

«Жайлы мектеп» ұлттық

жобасы аясында 2023 жылы басталып, 2025 жылы іске қосылатын екі ауысымдағы 88800 орындық 24 мектеп салу жоспарлануда. Бұл қабылданған шаралар қазіргі мектеп тапшылығы мәселесін шешіп қана қоймай, келешекте орын тапшылығы мәселесін де толығымен жояды.

### ПЕДАГОГ КАДРЛАР ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Елорданың орта білім беру жүйесінің кадрлық құрылымында 13903 мұғалім бар. Оның 62 пайызы педагогикалық аттестаттау қорытындысы бойынша жаңа форматтағы біліктілік санатын алды, негізгі жалақысына 30 пайыздан 50 пайызға дейін қосымша төлем төленеді. Жаңа мектептердің құрылысына байланысты, оның ішінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында елордада 7120 мұғалімге қажеттілік туындайды.

Қала әкімдігі кадрларға деген қажеттілікті жою мақсатында бірқатар шараны жүзеге асыруда:

«Жайлы мектеп» шеңберінде оқытады;

\* мұғалімдерді қолдау үшін «Елордалық электронды мектеп» электронды платформасы әзірленді, көрсеткіштері төмен мектептерге қолдау көрсету үшін «Табыс кластерлері» жобасы жүзеге асырылуда;

\* педагогикалық және басқару жұмысының сапасын арттыру мақсатында 2022 жылы 3077 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. 2029 жылға дейін 48278 мұғалімнің біліктілігін арттыру жоспарлануда.

### ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Қазіргі таңда қалада 11 мемлекеттік қосымша білім беру ұйымы, 158 қосымша білім беру ұйымдарының филиалы және 10 community-орталық жұмыс істейді. Бүгінгі таңда 152546 (76,8%) бала қосымша біліммен қамтылған. «Қадамдық қолжетімділік» қағидаты бойынша балаларды қосымша біліммен қамтуды арттыру мақсатында өткен жылы Балалар жылы аясында 5 қосымша білім

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА 2023 ЖЫЛЫ БАСТАЛЫП, 2025 ЖЫЛЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАТЫН ЕКІ АУЫСЫМДАҒЫ 88800 ОРЫНДЫҚ 24 МЕКТЕП САЛУ ЖОСПАРЛАНУДА. БҰЛ ҚАБЫЛДАНҒАН ШАРАЛАР ҚАЗІРГІ МЕКТЕП ТАПШЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІН ШЕШІП ҚАНА ҚОЙМАЙ, КЕЛЕШЕКТЕ ОРЫН ТАПШЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІН ДЕ ТОЛЫҒЫМЕН ЖОЯДЫ

ашуды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ 2029 жылға дейін 20040 орынға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жоспарлануда.

### ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖАЛҒАСАДЫ

Қазіргі таңда техникалық және кәсіптік білім беру кадрларын даярлаумен 33 колледж (9-ы – мемлекеттік, 24-і – жекеменшік) 75 мамандық бойынша оқытады. Колледждерде 32482 студент, оның ішінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 16837 студент (52%) білім алууда. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын іске асыру аясында мемлекеттік білім беру тапсырысы 4800 орыннан 7300 орынға дейін ұлғайтылды. 2025 жылға дейін сұранысқа ие мамандықтар бойынша жастардың 100%-ы тегін кәсіптік біліммен қамтылады.

Осы оқу жылында алғаш рет кадрларды мақсатты даярлау үшін мемлекеттік тапсырыс бөлініп, елордалық 57 кәсіпорын 528 орынға өтінім берді. Бұл көрсеткішті 2029 жылға дейін 1200 орынға көбейту көзделген. Сондай-ақ колледждерде ерекше білім беру қажеттілігі бар жасөспірімдерді оқытуға бөлінетін гранттардың саны жыл сайын артып келеді. Өткен жылы инклюзивті білім беру бойынша мемлекеттік тапсырыс 2021 жылмен салыстырғанда 12 орыннан 107 орынға дейін ұлғайтылды. Қазіргі кезде экономика саласын білікті мамандармен қамтамасыз ету үшін бірқатар шара қабылданды. 8 мемлекеттік колледжде заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген 15 құзыреттілік орталық ашылды. Жергілікті еңбек нарығын білікті кадрлармен қамтамасыз ету үшін қаланың 192 кәсіпорнын тарта отырып, 25 колледжде дуальді оқыту жүргізілуде, екі колледжде (қоғамдық тамақтану және сервис колледжі, технологиялық колледж) толық дуальді оқыту процесіне көшті. 2029 жылға дейін барлық қала колледждері дуальді оқытуға өтеді. Астана қаласының жаңа кәсіптер атласын қалыптастыру жұмысы

ҚАЗІР ТАҢДА ЕЛОРДАДА 236757 БАЛА КОНТИНГЕНТІ БАР 162 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП БАР. БҮГІНДЕ ҚАЛАМЫЗДА БАЛА САНЫ ШАМАДАН ТЫС 18 МЕКТЕП, ҮШ АУЫСЫМДЫ 8 МЕКТЕП ЖҮМЫС ІСТЕУДЕ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОРЫН ТАПШЫЛЫҒЫ 26 МЫҢ ОРЫНДЫ ҚҰРАЙДЫ

2023 жылдың 1 шілдесіне дейін аяқталады. Колледж студенттерін жатақханамен қамтамасыз ету де өзекті мәселенің бірі. Осы мәселені шешу мақсатында 2024 жылы 800 орындық жатақхана салу жоспарлануда.

### БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ?

Білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі – басым бағыттағы бірі. Бұл бағыттағы жұмыстар құқық бұзушылықтың алдын алудың кешенді жоспары аясында жүргізілуде. 2022 жылмен салыстырғанда ювеналдық полиция есебінде тұрғандар саны 14,4%-ға азайды (2021 ж. – 97, 2022 ж. – 93). 2023 жылдың басынан кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау, әлеуметтік бейімделу бойынша және кәмелетке толмағандар арасында қайталанатын құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың болашақ мамандығын таңдауына қолдау көрсету және бос уақытты ұйымдастыру бойынша қанатқақты жоба іске қосылды.

Елорданың барлық мектебінде бастауыш сынып оқушылары мен әлеуметтік осал отбасының балалары 100 пайыз ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Білім басқармасы білім беру ұйымдарын (мектеп, колледж, мектепке дейінгі ұйым) балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тиісті құрал-жабдықтармен – турниктермен, бейнекамералармен, дабыл түймелерімен жаратқандыру және оларды орталық білім беру мекемесіне қосу жұмысын жалғастырады. Сонымен қатар білім беру ұйымдарында жолдағы қауіпсіздікті сақтауды насихаттауға бағытталған дөріс, байқау, викторина, сондай-ақ, балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу бойынша ауқымды түсіндіру және профилатикалық жұмыс тұрақты негізде ұйымдастырылады.

Педагогикалық ұжым мен оқушылар үшін өрт қауіпсіздігі саласында онлайн тестілеу жүргізіледі. Мемлекеттік органдармен бірлесіп отырып, балаларға қауіп төндіретін орындарға мониторинг ұйымдастырылады. Бұл – жарықсыз аллеялар, ашық люктер, құдықтар, құрылыс алаңдары, өндіріс аймақтары, электр стансалары және басқа да объектілер.

### ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ, ҚАМҚОРШЫЛЫҚ ЖАЛҒАСАДЫ

Бүгінде елордада жетім қалған, ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар саны 860 баланы құрайды (170 бала ұйымдарда, 690 бала патронаттық отбасында тәрбиеленуде). Өткен жылмен салыстырғанда мекемелердегі балалар саны 3,4%-ға (169 бала) азайып, 89 бала отбасына орналастырылды. Көп жағдайда тәрбиеленушілер санының қысқаруына әлеуметтік жетімдіктің алдын алуға бағытталған жобаларды іске асыру есебінен қол жеткізілді. Мысалы, «Ана үйі» қайырымдылық қорының қолдауымен 2018 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Үйдегідей» жобасы. Оны жүзеге асыру барысында 59 бала туған отбасында қалды.

Балалар жылы аясында іске қосылған тағы бір жоба – «Психологиялық қолдау қызметі». Жұмыс барысында 205 отбасы заңгерден, әлеуметтік қызметкерден, психологтан кеңес алды.

Осы жобаларды жүзеге асыру келесі жылдары да жалғасын табады, бұл ұйымдардағы оқушылар санын қысқартуға және әлеуметтік жағдайы төмен ата-аналарды әлеуметтендіруге мүмкіндік береді.

Райхан  
РАХМЕТОВА

**К**азақстан Республикасы Конституциясының 36-бабында көрсетілгендей, әскерге барып, Отан алдындағы борышын өтеу – әрбір азаматтың қасиетті парызы. Сол мақсатта аталған бөлімде еліміздің түкпір-түкпірінен келген жас сарбаздар әскери борышын өтеп жатса, одан бөлек, әскери қызметкерлер де еңбек етуде. Құрлық әскери күштерінің құрамына кіретін бөлім 2003 жылы №36 жеке десанттық шабуылдаушы батальоны болып құрылып, кейін бригада болып өзгерді. Әскери бөлім аумағында бөлім штабы, оқу корпусы, 3 сарбаздар казармасы, асхана, монша және әскери техникалар паркі бар.

### ЕЛДІ СЫРТТАН КЕЛІП ЕШКІМ ҚОРҒАМАЙДЫ

Талғат Құлмановтың айтуынша, бөлімде қазіргі таңда әскерде жүрген сарбаздар – Түркістан, Павлодар, Қарағанды облыстары мен Астана қаласының жастары. Олар бірден бірнеше әскери бөлімшеге, яғни арнайы мақсаттағы «Қалқан», «Арнасай», «Алдаспан» деген десанттық шабуылдаушы батальондарға бөлінеді. Сарбаздардың ішінде бойы 1.80 м-ден жоғары, ең мықтылары Құрмет қарауыл ротасына іріктеліп алынады.

Бөлімге түскен соң сарбаздар әскери өмірдің қатаң тәртібіне бағынады. Тәртіптің арқасында білім мен тәжірибеден өткен олар бір жылдан соң әскери билетпен қоса әскери мамандық алып шығады. Болашақта сол мамандығымен әскери қызметкер ретінде Қазақстанның кез келген әскери бөлімінде қызметке орналаса алады. Болмаса әскерге барған өзге азаматтар секілді мобилизациялық ресурс болып тіркеуде тұрады. Ел басына күн туғанда қолына қару алып, ел қорғауға осы ресурстарға бұрынғы барлық сарбаз шығарылады.

– Сырттан келіп біздің елімізді ешкім де қорғап бермейді. Сондықтан жасы жетіп тұрған, шақырту алған жастар әскери борышын өтеуден қашпауы керек. Жалпы заң бойынша жоғары оқу орнында оқымайтын 27 жасқа дейінгі азаматтар әскерге шақыртылады. Соңғы реформаларға сәйкес, қазірде әскерге алдыңғы лекпен келген сарбаздар тобы келесі жартыжылдықта келетін топпен бірге тұрмайды, екі бөлек бөлімшеге бөлінеді. Сондықтан бұрынғы келгендердің кейінгі келген сарбаздарға әлімжеттік көрсетуі – мүмкін емес жағдай. Ал ер жігіт болған соң өзара түсініспеушілік болып, шексіз



# ӘСКЕРДІҢ БІР КҮНІ

Астана іргесіндегі №68665 әскери бөлім – елорданың қоғамдық қауіпсіздігіне қатер төнер болса, оны қорғауға бірінші кезекте жұмылдырылатын мекеме. Биыл күзде құрылғанына 20 жыл толатын Құрлық әскерлерінің құрамындағы бөлімнің тыныс-тіршілігімен танысуға Теміржолшылар тұрғын алабына бардық. Кент шетінде орналасқан нысанда бізді бақылау бекетінен бөлім командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары, подполковник Талғат Құлманов қарсы алды.

қалуы мүмкін. Әр батальонда тәрбие жөніндегі офицер мен психолог бар. Олар күнделікті тәрбиелік нарядқа түскенге дейін сарбаздарға психологиялық тест жүргізеді. Психологиялық күйін анықтау барысында ауытқу болса, нарядқа түсуге сарбаздар да, қызметкерлер де жіберілмейді. Әскердегі өмір ер жігітті шындап, шынықтырады. Тәртіпке бағынуға, ұқыптылыққа үйретеді. Сондықтан жастарды Отан алдындағы борышын өтеуге шақырамыз, – дейді Т.Құлманов.

### САРБАЗҒА ОҚУҒА ЖЕҢІЛДІК БАР

Биылдан бастап ҚР Қорғаныс министрлігі мен жоғары оқу орындары арасындағы меморандум шеңберінде мерзімді әскери қызметтен өткен сарбаздарға ҰБТ тапсырмай-ақ оқуға түсу мүмкіндігі берілді. Министрлік 43 оқу орнымен келісім орнатқан. Сонымен қатар жауынгерлік даярлықта жоғары көрсеткішке қол жеткізген сарбаздар әскерден соң жоғары оқу орнына грантқа түсуге болады. Сарбаздар аптасына екі рет үйімен байланыса алады. Сенбіде түстен кейін сағат 18:00-18:50 аралығында, жексенбі



сағат 15:00-16:00 аралығында бейнебайланыс арқылы ата-анасымен сөйлесу мүмкіндігі беріледі. Сол сағаттарда бөлім аумағына ата-аналар келіп жатса, келушілер белмесінде кездесуге рұқсат етіледі. Сондай-ақ мектептегі сияқты әр батальондағы сарбаздардың ата-анасының әскери бөлім басшыларымен бірге ашып қойған WhatsApp-чаты бар. Сол жерде де әрбір ата-ана өз баласының жағдайынан хабар алып отырады. Сарбаздар жеке қажетіне жарату үшін ай сайын 3400 теңге айлық алады.

### ТӘРТІПКЕ БАҒЫНҒАН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ

Әскердегі қызмет кезеңі жазғы және қысқы деп екіге бөлінеді. Бірінші жарты жыл өткен соң сарбаздар сәуір айында аралық қорытынды тапсырады. Бір ай дайындықтан кейін маусымнан қазан айына дейін жазғы оқу кезеңі болады. Соңында жыл қорытындысы айтылады. Жоғары штабтан комиссия құрылып, олар мемлекеттік құқықтық дайындық, саптық дайындық, атыс дайындығы, дене дайындығы, әскери техникаларды жүргізу, тактикалық дайындық, радиациялық қорғау дайындығын тексеріп, сынақтан өткізеді. Соның нәтижесінде әскери бөлімге баға беріледі.

– Сарбаздар күн сайын таңғы сағат 6:30-да ұйқыдан тұрады. Таңғы жаттығу жасап, ас ішіп болғаннан кейін, сағат 9:00-ден бастап 13:00-ге дейін кесте бойынша мамандығына қарай сабақ оқиды. Әскери қызметкерлердің негізгі жұмысы – сарбаздарды оқыту. Олар бір жылда сарбаздарды десанттық шабуылдаушы, гранатометші, снайпер, атқыш мамандығы бойынша дайындайды. Түскі асын ішіп болғаннан кейін, сағат 14:00-ден бастап сарбаздардың өз бетінше жеке дайындығы басталады. Алған теориялық білімін казармада оқу класында тәжірибемен ұштастыра дайындалады. Кешкі астан кейін сағат 22:30-ға дейін әр сарбаздың жеке уақыты болады.

Ол кезде теледидар қарайды, киім үтіктейді. Бес күнді осылай өткізген соң, сенбіде парктік шаруашылық күніне, яғни бөлім аумағын тазалау, техникаларды реттеу жұмысына шығады. Сол күні моншаға түседі. Ал жексенбіде батальон болып Астана қаласындағы музейлер мен көрмелерге, басқа да көрнекі орындарға экскурсияға барады. Сабақ пен практикада және тәртібі бойынша жоғары нәтиже көрсеткен сарбаздарға жексенбіде сағат 9:00 мен 18:00 аралығында сейілдеуге рұқсат беріледі. Тәртіпті сарбаз қалаға шығып, уақытын өз еркімен өткізіп келеді, – дейді бөлім командирінің орынбасары.

Осылайша айына 3 апта теория, бір апта практика сабағын оқиды. Бір апталық практика сабағы 2 полигонда өткізіледі. Оқу-жаттығуын өткізу үшін сарбаздар мен әскери қызметкерлерден құралған батальондар Шүчинск қаласындағы Амандық полигонына, Қарағандыдағы Спаск полигонына барады. Жоғары басшылықтың қатысуымен жылына бір рет екі сатылы командалық-штабтық оқу-жаттығу ұйымдастырылады.

### ТӘЖІРИБЕДЕ ТАЛМАҒАН ШЫНДАЛАДЫ

Десанттық шабуылдаушы батальондар соғыс жағдайында қалай іс-қимыл жасау керігін үйрену үшін қоян-қолтық ұрыстар бойынша тактикалық дайындықтан өтеді. Күнделікті атыс дайындығы атыс тиірінің ішінде өтеді. Мемлекеттік құқықтық даярлық сабақтарында мемлекеттегі идеология, мемлекеттік бағдарламалар, бөлім мен Қарулы күштер тарихы туралы айтылады. Жыл бойына шет мемлекеттерден делегациялар өкілдері де, жергілікті тұрғындар мен оқушылар да келіп, әскери бөлім өмірімен таныса


алады. Ай сайын ашық есік күні өткізіліп, соның барысында әскерилердің отбасы мүшелері келіп, бөлім қызметін көруіне болады. Елорда мектептерімен арадағы меморандум аясында оқу орындарындағы кадет сыныптарының оқушылары бір күнге келіп, атыс дайындығын, қаруларды шашып-жинау процесін көреді. Жалпы білім беретін оқу орындарына барып әскери қызметкерлер «ерлік сабағын» өткізеді. Бөлім аумағында істен шығып қалған ұшақ, пушка, танк, басқа да әскери жабдықтар қойылған далалық музей де осында келетіндерді қызықтыратын көрнекі орын.

– Біздің әскери бөлімнің ерекшелігі – Астана қаласының қоғамдық қауіпсіздігін сақтауға жауаптылығы. Карантин кезінде ПМ қызметкерлерімен бірге блокбекеттер қойдық. Қаңтар оқиғасы кезінде де қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жұмылдыдық. Биыл қыркүйек айында 20 жылдықты атап өтеміз. Астананың құрылуына байланысты ашылған бөлімді бұған дейін 7 командир басқарды. Сегізіншісі, қазіргі басшымыз – Абай Әлібеков. Бөлімнің басшылық құрамының барлығы жоғары әскери оқу орындарын тәмамдаған. Осы аралықта әскери бөлімде 3 генерал қызмет етті. Мерейтой аясында 20 жылда жеткен басқа да жетістіктеріміз сарапталады, – дейді подполковник.

Бөлімде қызмет ететін әскери қызметкердің көбі республиканың әр өңірінен келген. Сондықтан баспана мәселесінде оларға пәтер жалдауға қаржы бөлінеді. Қызметкердің отбасындағы адам санына қарай әрқайсысына 83 мың теңгеден беріледі. Сол ақшаға әскери қызметкер пәтер жалдап тұрса да немесе болашақта «Әскери баспана» бағдарламасы арқылы үй алу үшін «Отбасы банкіне» жинаса да болады.



Сұлтан СЕЙІТ



№22 (4455) 23/02/2023 Бейсенбі

Қалиқбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫТЕКЕТИРЕС: СЕБЕП  
ПЕН САЛДАР

Ресей Президенті Путин Украинадағы соғыстың бір жылдығы қарсаңында арнайы жолдау жасады. «Ресейді соғыс майданында жеңу мүмкін емес» деп сөз бастаған ол бұл жолы да ескі әңгімесін тағы да қайталап, «біз соғыстың алдын алуға тырыстық, бірақ АҚШ пен Батыс біздің артымыздан мүлде бөлек сценарий дайындады», «соғысты солар ашты, біз сол соғысты тоқтату үшін күш қолданып жатырмыз» деп Вашингтон мен Батыс елдеріне шүйлікті.

Сондай-ақ ол Украина билігін «неонацистер» деп айыптап, «Киев Батыстан ядролық қару алғысы келді», «фашистік Германияның символикасын қолданды» деп кінәлады әрі Батыс елдері «бұған көз жұма қарады» деп сөкті. «Біз Украина халқымен соғысып жатқан жоқпыз, олар – елдегі режим мен Батыстағы қожайындардың тұтқыны» дейді Ресей басшысы. НАТО-ның Бас хатшысы Столтенберг Путиннің бұл сөзіне байланысты мәлімдеме жасап, «Ресейге ешкім шабуыл жасаған жоқ, Ресейдің өзі агрессор» деді. Бұдан бөлек, жолдауында ол Ресей АҚШ-пен ядролық қаруды азайту туралы өзара келісімді уақытша тоқтататын мәлімдеді.

Путин жолдауын АҚШ президенті Джо Байден Киевтен Польшаға жеткен күні жариялады. Байден 20 ақпанда Киевке келіп, Украина президенті Зеленскиймен кездесті. Кездесуде ол «Біз, 50 шақты серіктес мемлекет бірігіп, Украинаға 700 танк пен мыңдаған бронды көліктер беретін болдық» деді, сондай-ақ «сәлемдеме» ретінде Украинаға 500 млн доллар әскери көмек пакетін жариялады. Байден Киевтегі мәлімдемесінде Путин Украинаға соғыс ашып, «оңбай қателескенін» айтты. «Бір жыл өтті, Киев құламады, Украина құламады, демократия құламады. Америкалықтар Украинамен бірге, әлем сіздермен бірге» деді АҚШ президенті Зеленскийге. Сондай-ақ ол Украинаға қажет қару-жарақ беріле беретінін және Ресейдің қорғаныс өнеркәсібін қолдайтын жеке тұлғалар мен компанияларға санкция салынатынын да атап өтті. Сөйлеуінде АҚШ-тың Украина қарулы күштеріне берген қару-жарағының жалпы сомасы 30 млрд долларға жетті.

Польшада сөз сөйлеген кезде АҚШ президенті «АҚШ пен Еуропа Ресей халқына жау емес. Соғысты біз бастаған жоқпыз. Біз Украинаны қолдауды бір сөз тоқтатпаймыз. Бір жыл бұрын Ресей Киев құлайды деп мәлімдеді. Мен кеше Киевте болдым. Киев – азат және рухты қала. Ресей Украинаны ешқашан жеңе алмайды. Ешқашан!» деп ашық айтты. Варшавадағы кездесуде де АҚШ президенті Байден мен Польша президенті Анджей Дуда «Украинаны қолдау, Ресей ықпалын азайту және НАТО-ны нығайту» сынды тақырыптарды талқылаған.

ЕКІ ТАРАПТАН ДА  
ШЫҒЫН КӨП

Ресей «әскери операция» деп атаған бұл соғыс, шын мәнінде, екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ең қиын-кескі әскери әрекет. Соғыс салдарынан Украина елі 700 миллиард доллар шығынға батып, ел экономикасы 35%-40% пайызға дейін қысқарды. 10 миллионнан астам адам шетелге босып кетсе, 6 миллионнан астамы үйсіз-күйсіз қалды. БҰҰ дерегіне, Украинада соғыс басталғалы 8 мың бейбіт тұрғын қаза тапқан. Ал Украина билігі Ресей Мариупольді қоршауға алғанда, бұл қаланың өзінде 20 мың бейбіт

ҚАҚТЫҒЫС  
ӨРШИ МЕ, ӨШЕ МЕ?

Украина даласында сұрапыл соғыс жүріп жатқанына тұп-тура бір жыл толды. Алпауыт ел әскері бастапқыда Украина астанасының іргесіне дейін екпіндеп барғанымен, айға жетпей артқа шегініп, Днепрдің шығысына дейін ығысты. Референдум өтіп, Донецк, Луганск, Запорожье, Херсон облыстары Ресейге қосылғанымен, оны Солтүстік Кореядан басқа бірде-бір ел мойындаған жоқ. Оның үстіне Ресей қосып алған облыстарды әкімшілік шекарасы бойынша да толық бақылауына ала алмады.

тұрғын қаза болды дейді. Қираған қала, жермен-жермен болған елді мекендерде есеп жоқ.

Украина армиясынан қанша адам мерт болғаны анық емес. Израиль барлаушылары қазірге дейін 160 мыңға жуық украин сарбазы қаза тапқан болуы мүмкін десе, кейбір сарапшылар өлген, жараланған, із-дерексіз кеткендерді қоса есептегенде Украина армиясының шығыны да 200 мыңнан асып кеткен болуы мүмкін деген болжам жасайды.

Ресей Қорғаныс министрлігі 2022 жылдың 21 қыркүйегінде Украинадағы соғыста 6 мың әскерінен айырылғанын жариялаған болатын. Содан бері жарты жылға жуық уақыт өтсе де, Ресей тарапы ешқандай мәлімет таратқан жоқ. Украина тарапы болса, қазірге дейін 145 мың Ресей сарбазын жер жастандырып, 3,5 мың танкін, 700-ге жуық ұшағын (тікұшақ, соғыс ұшақ) қираттық деп отыр. Ал АҚШ пен Ұлыбританияның барлаушылары Ресей армиясының қазірге дейінгі шығыны 200 мың адамнан асты деп мәлімдеді. ВВС Украинадағы соғыста қаза тапқан 14709 орыс әскерінің есімдерін анықтап, соңғы жарты айда расталған шығындар әдеттегі апталық көрсеткіштен бес есе көп болғанын алға тартып, «бұл Ресейдің Донбасста бастаған шабуылының салдары болуы мүмкін» деп топшылайды.

ӘЛЕМДІК  
ЭКОНОМИКАНЫ ДА  
ТЕҢСЕЛТТІ

Украина мен Ресей соғысы, пандемиядан соң есендірген экономикаға үлкен кесірін тигізді. Кельндегі неміс Экономикалық

зерттеулер институтының (iw) зерттеуіне сәйкес, Украинадағы соғыс өткен жылы әлемдік экономикаға 1,6 трлн АҚШ долларынан астам шығын келтірген. «2022 жыл да әлем экономикасы үшін 2022 жылдан да қиын болады» дейді сарапшылар. Өйткені 2022 жылы жаһандық өсім 3,2% болса, биыл 2,7%-ке дейін төмендеуі мүмкін.

Жақында Ресейдің Қаржы министрлігі қаңтар айында елдің бюджет тапшылығы 1,76 триллион рубльге (24,8 миллиард доллар) дейін өскенін хабарлады. Bloomberg ақпараттық агенттігі биылғы жылдың бірінші айындағы Ресей бюджетінің тапшылығы 1998 жылдан бергі ең жоғары көрсеткішті құрады десе, «Свобода слова» басшысы Путиннің Украинаға басып кіруі РФ экономикасын 25 жылға артқа шегіндірді деп санайды.

Соғыстан кейін Ресей экономикасының жан тамыры саналатын газ бен мұнайдың кіретін кіріс те азайды. Ресей Қаржы министрлігінің мәліметі бойынша, 2023 жылдың қаңтарында мұнай мен газдан түсетін салық бір жыл бұрынғыдан 46%-ға төмендеп, федералды бюджет шығындары 59%-ға өскен. Бірақ Ресей президенті Путин 21 ақпан күнгі жолдауында «Біздің экономикамыз өте қуатты» деп мәлімдеді.

ҰТҚАНЫНАН  
ҰТЫЛҒАНЫ КӨП

Ресей «әскери операция жоспардағыдай, табысты орындай жатыр» дегенмен, бұл соғыста Ресейдің ұтқанынан ұтылғаны көп.

Біріншіден, соғыс басталғаннан кейін, Ресейді Батыс елдері

анық. Молдова елі де Ресей ықпалынан шығудың жолын іздеуде. АҚШ президенті Байден Польшада бұл тақырыпқа да тоқталып, «Путин Украинаға соғыс ашып, Еуропаны қорқытпақ болды. Ол Еуропа елдері НАТО-дан шығып кетеді деп ойлады. Керісінше, НАТО қуатты бола түсті. Қатарымызға Швеция мен Финляндия қосылмақ. Молдова да Ресей ықпалында болғысы келмейді, ол Еуропамен бір болуды қалайды» деді. Молдова демекші, 21 ақпан күні Молдова премьері Дориан Речан «Ресей Кишинев әуежайын басып алып, әскерін әкелмекші» деп мәлімдеді. Сол күні Путин оккупациялап алған Преднепровья мәселесін Молдованың егемендігін ескере отырып шешу туралы өзінің 2012 жылғы жарлығының күшін жойған болатын.

Үшіншіден, Ресей мұнай мен газын сататын Еуропа нарығынан айырылды. Соғыс басталғаннан кейін Ресей мұнай мен газын көзін ретінде пайдаланып, Еуропа елдерін ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстағысы келді. Алайда бұл кері реакция тудырып, оның соңы Еуроодақ елдерінің Ресей газы мен мұнайынан бас тартуға және оған шекті баға белгілеуіне мұрындық болды. Кейбір елдер Ресей мұнайы мен газына басқа балама іздеп, Мәскеудің энергия құрсауын бұзып шықты. Сонымен Ресей мұнай мен газын өте арзан бағада Үндістан мен Қытайға сатуға мәжбүр болды. Алайда бұл сауда Ресейдің мұнай, газ өңдеуіне кеткен шығынның өзін езер жабады дейді мамандар.

Төртіншіден, Ресей халықаралық қауымдастықтан барған сайын оқшауланып, Иран, Солтүстік Корея сынды томаға-тұйық елге айналды.

Бесіншіден, Украина соғысы «Ресей әлемдегі екінші қуатты армияға ие» деген көзқарастың да күлін көкке ұшырып, Ресей армиясындағы әлсіздіктер мен қару-жарақтарының кемшілігін айдай әлемге паш етті. Көптеген елдер Ресей қаруын сатып алудан бас тартып, Мәскеу қару-жарақ сатудан түсетін пайдасынан айырылды. Санкцияның салдарынан әскери өнеркәсібі де тұралауға айналды. Оған Сербия елінің ресейлік жойғыш ұшақтарды сатып алудан бас тартып, француз жойғыш ұшақтарын алу жөнінде шешім қабылдағанын айтсақ та жеткілікті.

Алтыншыдан, бұл соғыс Ресейдің ел іші өндірісін әлсіретіп, жұмыссыздық мәселесінің кү-

шеюіне, байлар мен дарынды азаматтардың шетел асуына, шетел кәсіпорындарының Ресей нарығынан лек-легімен кетуіне мұрындық болды.

ҰЗАҚҚА СОЗЫЛАТЫН  
ТҮРІ БАР

Соғыстың қашан аяқталатыны белгісіз. Ресей Украинадағы қарулы күштерін үстемелеп жатыр. Ал батыстан оқ-дәріден бастап әуе шабуылынан қорғану жүйесіне дейін алған Украина батыстың озық танктері келсе, көктем шыға қарымта шабуылды бастауға дайын отыр. Өткен жылдың соңында «Украина соғысы Қырымнан басталды, Қырымды азат етумен аяқталады» деп мәлімдеме жасаған Зеленский жақында «2023 жыл Украинаның жеңіс жылы болады» деп мәлімдеді. Батыс елдері де бұл ұрыста Украина жеңуі керек деп санайды.

Дей тұрғанмен, Ресей де оңай шағылатын жаңақ емес. Оның үстіне Ираннан, Солтүстік Кореядан көмек алып отырған Ресей соңғы кездері Қытаймен де ымыраласа бастады. Әуе шары оқиғасынан кейін, АҚШ-пен қатынасы күрт ушыққан Қытай енді Ресеймен бірлесе отырып, АҚШ-қа төтеп берудің жолын іздеуі мүмкін деген күдік те жоқ емес. АҚШ президенті Байден Шығыс Еуропа елдеріне сапарлай келген кезде Қытайдың сыртқы істерге жауапты комитетінің басшысы, Қытайдың бұрынғы Сыртқы істер министрі Уаң И-нің Ресейге сапарлай баруы осы күдікті тіпті күшейтті. Осы айдың соңында Қытай төрағасы Ши Жинпи де Мәскеуге сапарлай келеді деген сыбыс бар.

Өткен айда АҚШ «Ресейге қару-жарақ берді» деген желеумен қытайлық біршама компанияға санкция салған болатын. Уаң И-нің сапарынан секем алған Вашингтон бұл жолды да «Қытай Ресейге қару-жарақ беретін болса, оның салдары ауыр болады» деп ескертті.

Өткен аптада Германияның Мюнхен қаласында өткен саммитте Уаң Иі Қытай соғысқан екі жақ ортасында ара ағайын болуға дайын деп мәлімдеді. 21 ақпан күні Украина Сыртқы істер министрі Кулеба «Біз Қытай тарабының бейбіт келісім туралы ұсынысын алдық. Енді оны қарап, танысып шығамыз» деп мәлімдеді.


ҚАЗАҚСТАНҒА  
ҚАУІП БАР МА?

Соғыстың зардабын біздің ел де тартып жатыр. Операция басталғаннан кейін Украина Ресейдің энерго-инфрақұрылымына қатысы бар мұнайдан бас тартты. Салдарынан Каспий құбыр консорциумы арқылы тасымалданатын (Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған кен орнынан шығатын) мұнай Одесса портына жеткізілмейтін болды. Бұл өз кезегінде қазақстандық шикізатқа деген сұранысты шектеп, елдің экспорттық әлеуетіне теріс әсер етті.

Еліміздегі көмір өнеркәсібі де соғыстың кесірінен кері кете бастады. Ресей соңғы 7-8 жылдың бедерінде қазақ көмірін Украина, Беларусь елдеріне транзиттеуге кедергі келтіріп келеді. Соғыс басталғалы бері Қазақстан мен Украина арасындағы алыс-беріс 40 пайызға қысқарған.

Ресей президенті 21 ақпан күнгі жолдауында Оңтүстік-Шығыс Азия нарығына Қазақстан арқылы шығу ниетін де айтып қалды. «Жаңа геосаяси жағдайға байланысты логистиканы басқаша дамытамыз. Мәскеу – Қазан автомагистралін Екатеринбургке, Челябинскіге, Түменге дейін ұзарту, одан әрі Иркутск пен Владивостокқа жеткізіп, Қазақстанға, одан әрі Моңғолия мен Қытайға шығуды ойластырамыз» деді ол. Бұл жобаның бізге пайдасы да, қаупі де бар.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің». Қазақтың бұл сөзінің ақиқатына белгілі ақын, аудармашы, сценарист, кинорежиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бақыт Қайырбековтің таңдаған жолына, әдебиет пен мәдениетке сіңірген еңбегіне қарап көз жеткізе аламыз. Көрнекті ақын, Қаз КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстанның халық жазушысы Ғафу Қайырбековтің отбасында өскен ол әке өнегесін бойына сіңірді. Сан қырлы өнерді меңгеріп, поэзия, кино мен театр саласында ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерге жетті. Бүгіндері шығып отырған жетпіс жастың жотасынан қарағанда, атқарған істері аз емес.



## ҚАЗАҚИ БОЛМЫС ҚҰДІРЕТІ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Бақыт Ғафуұлы оқушы кезінде математика пәнін ұнататын. Болашағын да физика-математика салаларымен байланыстырғысы келген. Бірақ әке қаны жібермеді. Мектеп бітірерде әдебиет пәнінен емтихан сұрағына жауапты өлеңмен жазды. Тұрасын айтқанда, еркін тақырыпта поэма жазып, көсілді. Дәл сол уақытта Алматыға Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтынан аудармашылар кафедрасына ұлттық кадрларды іріктеуге профессор Люциан Климович келіп жатқан еді. Әке кеңесімен Бақыт шығармаларын жинақтап, конкурсқа жіберді. Алпыс адамның арасында топ жарып, Мәскеуге аттанды.

Ұлы диплом алғанда, Ғафу ақынның қуанышы кемерінен асып, төгілді. Сол мезетте бойын шабыт кернеп, Бақытқа арналған бірнеше өлеңді төгіп жіберді. Соның бірінде:

Тұқымға біткен өлең-жыр,  
Саған да дарып түсті ғой.

Ойымда жоқ бұл бір сыр,  
Құдірет деген күшті ғой, – деп шалқытты. Мәскеуден оралған соң, «Жазушы» баспасында редактор болып жұмыс істеді. Онда лауазымы жоғары адамдардың жазғандарын сараптайтын.

«Бізге Орталық Комитетте нұсқаушылар, бөлім меңгерушілері болатын. Олар өздерін Белинский санап, кітап жазатын. Тіпті «мына шығарма әдебиетке жатпайды» деп сын да жазды» деген еді Бақыт Ғафуұлы бұл жайында бір сұхбатында.

Сол кездегі 22-25 жастағы жас жігітке аса жауапты жұмыс – билік өкілдерінің жазғанын редакциялау жүктелді. Саяси сауаттылықты керек ететін бұл істі абыроймен алып шықты.

Алғашқы өлеңі немересін бауырына алып өсірген әжесіне деген махаббаттан туды. Ол әже ауыр науқасқа шалдығып, хал үстінде жатқанда жазылды. «Әжемнің бөлмесіне барып, қошқасқандай болдым. Содан соң әкемнің кабинетіне кіріп, бір жапырақ қағазға өлең жаздым. Бұл әкеммен қоштасу өлеңі еді. Ақындығым содан басталды» деген еді ақын «Алматы» телеарнасының «Біздің кейіпкер» бағдарламасында.

Тұңғыш жыр жинағы 1978 жылы «Күзгі диалог» атауымен жарық көрді. 1982 жылы «Өмір сүремін деп айт» атты екінші жинағы шықты. Жалпы осы күнге дейін ондаған кітаптың авторы атанды. 1983 жылы КСРО Жазушылар одағына, кейіннен Қазақстан Жазушылар одағы мен еліміздің Кинематографистер одағына қабылданды.

Белгілі Ресей жазушысы Георгий Пряжиннің «Бақыт Қайырбеков орыс тілінде, бірақ қазақи болмыспен жазады» деген сөзі бар. Бұл – туындыгерге берілген дәл баға. Бүкіл шығармашылығы қазақ өмірімен байланысты, ұлт тарихы, аңыздар мен фольклордан тамыр тартады.

Бұл жайында өзінің «Мен немен айналысам да, тақырып үнемі біреу. Негізгі жұмысым – аңыздарды жинау, фольклорды зерттеу, оның не екенін түсінуге тырысу. Әдет-ғұрпымызда, салт-дәстүрімізде бір құпия жасырынғанын сеземін. Бұл айналысқан ісімнің бәріне нәр берді. Соның қайнар көзін таптым. Содан шабыт аламын» деп айтқаны да бар.

«Ұлттық сайт-дәстүрлер. Қазақи этикет» кітабын да жазды. Аталмыш туынды

қазақ халқының сан ғасыр бойы сақтап келген дәстүрлері жайында маңызды мағлұматтарға бай. Еңбекте қазақтың әдептілік ұстанымдарының мәні мен терең мағынасы ашылып көрсетілген. Кітапта ата-бабамыздың қоршаған орта туралы танымы мен өмірлік ұстанымдары айқын суреттелген.

Орда бұзар отыз жасында кино өнеріне бет бұрды. Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында сценарлық-редакциялық алқаның мүшесі, көркем және телевизиялық фильмдері шығармашылық бірлестігінің бас редакторы болды. Бергінде осы киностудияның президенті болып тағайындалды. КСРО Мемлекеттік кино жанындағы сценаристер мен режиссерлердің жоғары курсы бітірді.

Жалпы ғылыми-танымдық деректі және көркем фильмдерін қосқанда 100-ден астам туынды түсірді. Кейбір кинотуындылары халықаралық кинофестивальдерде қара

елорданың халықаралық тұсаукесері ел тарихына алтын әріптермен жазылды. Ал сол кездегі мерекелік бағдарламаның бас сценарисі Бақыт Ғафуұлы болғанын біреу білер, біреу білмес. Бас қаламыз жайында «Арман архитектурасы», «Басты мәселені сөз етейік», «Қанат аксиомасы» атты деректі фильмдері де бар.

Бірнеше жыл бұрын «Дешті Қыпшақ. Құпия таңбалар» атты деректі фильмінің Астанада өткен танымталымында болған едік. Кинотуындының бірінші бөлімінде қыпшақтар мен армяндар арасындағы байланыс сөз болады. Екінші бөлімде қасиетті Петр шіркеуінің кітапханасында сақталған «Кодекс Куманикус» атты құнды кітап туралы айтылады. Оны Венеция кітапханасына 1362 жылы Қайта өрлеу дәуірінің көрнекті ақыны Франческо Петрарка сыйлаған.

Кинотуындыларына тарихтан басқа тұлғалар өмірі мен қызметін арқау етті. Бұл қатардағы тырнақалды туындысы – әкесіне арналған «Мен саған сәбимін» фильмі. Күй атасы – Құрманғазы жайында «Кісен ашқан», әдебиет абызы Әбіш Кекілбаев туралы «Ұлан-ғайыр» фильмдерін түсірді. Сондай-ақ Дінмұхамед Қонаев, Асанәлі Әшімов, Айман Мұсақожаева, т. б. танымал тұлғалар галереясын жасады.

Төл шығармашылығынан бөлек, жыраулар поэзиясынан бастап бірқатар қазақтың көрнекті қаламгерін орысша сөйлетті. Асан қайғы, Бұқар жырау, Ақтамберді жыраудың толғауларын, Абдолла Жұмағалиев, Мұқағали Мақатаев, Тұманбай Молдағалиев, Есенғали Раушанов, Тұрсынхан Әбдірахманова, Оразақын Асқар және т. б. ақындардың жыр жинақтарын тамаша тәржімалады. Әкесі Ғафу Қайырбековтің эпикалық сарындағы поэзиясын орыс оқырмандарына сол күйінде жеткізді. Аудармашы ретінде тек өлең ғана аударып қойған жоқ. Қазақтың құйқалы қара сөзіне түрен салды. Ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» тарихи еңбегін орысшаға аударуы құбылыс деп бағаланды. Оны оқырмандар жоғары бағалады. Сонымен қатар Қойшығара Салғараұлы, Сайын Мұратбеков, Ақселеу Сейдімбек, Әміржан Әлпейісов, Тұрсын Жұртбай секілді сөз зергерлерінің прозалық шығармаларын аударды.



Поэзия мен музыка – егіз. Бақыт Ғафуұлы бала кезінен музыкаға құштар болды. Әміре Қашаубаев атындағы музыка мектебінің «пианино» сыныбын бітіргені де бар. Бұл өнері театр қойылымдарына либретто жазуға септесіп келе жатыр. Иә, шығармашылығы, кинодан бөлек, театрмен тығыз байланысты. Атап айтқанда, былтыр «Астана Балет» театрында либреттосына жазылған «Жібек жолы» балеті қойылды. Бұдан бұрын осы театрда оның қаламынан туған «Әлем» және «Бейбарыс сұлтан» балеттері, «Астана Опера» театрында «Дала дауысы» балеті, «Astana Musical» театрында «Астана – менің махаббатым» мюзиклі көрермендерге жол тартты.

Фотоөнермен де айналысады. Екі жылдай бұрын Алматы қаласында «Notebook. Естеліктер күнделігі» атты фотокөрмесі өтіп, онда келгендер авторлық суреттерін тамашалады. Басшылық қызметтерде болып, Президент телерадиокешені, «Мәдениет», «Білім және мәдениет» телеарналарын, Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ-ты басқарған Бақыт Қайырбеков мерейтойына орай «Сырлас іздеймін» атты эсселер кітабын дайындап жатыр. Бұл – осы жасқа дейінгі өмірінің қорытындысы іспеттес туынды. Жазар таусылмасын дейміз.

## «КЕРЕК» СӨЗІ ҚАЛАЙ ТҮРЛЕНЕДІ?

Қазақтың тілі бай әрі барынша көркем екеніне ешкімнің де дауы болмас. Сол бай тіліміздің құрамында сөйлеушінің сөйлем мазмұны жайлы пікірін, көзқарасын (мақұлдауын, болжамын, қалауын, тілеуін, міндетін, күдік-күмәнін немесе нық сенімін) білдіруіне байланысты модаль сөздер деп аталатын санаулы сөздер бар.

«Керек», «қажет» және «тиіс» сөздері осы құрамға кіреді. Табиғаты сөйлемде баяндаушы қызметінде жұмсалуға бейім бұл сөздер қолданылу барысында зат есімге айналуға қабілетті. Көп жағдайда олар заттық ұғымға өтіп, түрленіп жұмсалады. «Қажет», «тиіс», «керек» сөздері өзара синоним-дес бола тұра, «тиіс» сөзі ғана жіктеледі: Мен оқуға тиіспін, сен оқуға тиісің (тиіссіз), ол оқуға тиіс. «Керек», «қажет» сөздерінің алдында етістіктен басқа сөз табы тұрған жағдайда ғана (барыс септігінде) жіктік жалғауын қабылдайды. Мысалы; біз қоғамға керекпіз, сен маған керексің, ауылға мәдениет үйі керек.

Бар ғұмырын ұлтының қамын ойлап, жұртының жоғын іздеп, кемтігін толтырып, кергін түгендеуге арнаған А.Байтұрсынұлы көсемсөздерінде «керек» сөзін мольнан қолданыпты. «Жиылғандар құр сан көбейту емес, жұмыс істей білетін, жол айтып, жөн сілтеуге жарайтын білімді көсемдер болмақ керек» («Бас қосу турасында»), «Программада керек деген нәрселердің бірі болмаса да, көбі оқу құралдарынан табыларға керек» («Оқыту жайынан»).

Кейінгі кезде осы -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек жұрнақтары мен -ға, ге, -қа, -ке барыс септігі жалғауының орнына -у тұйық етістігін пайдалану нұсқасы ғана сақталған тәрізді. Неге екені белгісіз, қазіргі жазармандар жоғарыдағы сөйлемді: «Жиылғандар құр сан көбейту емес, жұмыс істей білетін, жол айтып, жөн сілтеуге жарайтын білімді көсемдер болу(ы) керек». «Программада керек деген нәрселердің бірі болмаса да, көбі оқу құралдарынан табылу(ы) керек» деп жазары анық. Мүмкін, бұл кемшілік емес, қолданыстағы артық буындардың табиғи жолмен сұрыпталу кезеңі немесе сөздердің күзетіліп, түлеуі шығар. Ол жағын мамандар айқындай жатар.

Керектің алдында келетін -са, -се жұрнағы Ахмет Байтұрсынұлында көп кездесе бермейді: «Соғысатын қандай жұрттар, қай жағының күші басым екенін оқушыларымыздың білетіндері де, білмейтіндері де бар болса керек» («Соғысушы патшалар»). «...бұрын губернаторлар бекітетін лауазымдарды крестьянский начальниктерге беру әбден дұрыс болса керек» («Сайлау һәм партия мәселесі»), «...бұрынғы ескі волостной соттың мұршасы жеткілікті болса керек, яғни 7 күн тұтқындық пен штраф ғана боларға» («Народный соттың мұршасы»), «Мұндайда «Нұр Мұхамедұлы» деу ыңғайлы болса да, «Бөкейханұлы» деп атасының ұлы қылып жазудың реті келмесе керек», «Және де, мұндайда «ұғлы, қызы» делінбей, әкесінің аты қалып, «Нұрғали Құлжан» я «Нәзипа Құлжан» деп жазсақ, жай

екі кісі аталып тұрған секілді болады һәм ілгері-кейін тұрғанынан байқалмаса, араласқанда қайсысы өз аты, қайсысы фамилиясы екендігі білінбей қалса керек» («ОБ» туралы»), «Әскер, қасына ерген қосшы-қолаңымен, 20 миллионнан артса керек» («Қазаққа ашық хат»).

Ұлттың рухани көсемі: «Қазақ керегінің көбі әркімге-ақ мағлұм ғой: біз – кейін қалған халық, алға басып, жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» дейді. «...күшті болу керекпіз демепті, «...күшті болуымыз керек» депті, «...жұмыс істеу керекпіз» емес, «...жұмыс істеу керек» деп жазыпты.

Тағы бір назар аударатын нәрсе: кейінгі кезде «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек» дегенді барыс септігі жалғауынан қашып, «үшін» шылауына жүгіруге көшкеніміз, «Білімді болу үшін оқу керек. Бай болу үшін кәсіп керек. Күшті болу үшін бірлік керек» деуге бейім тұратынымыз. Әрине, бұл орыс тілінен аудармадағы «для» сөзінің («үшін» шылауының) ықпалынан болса керек. «Менің сабақ оқуым керек» деген жақсы сөйлемді «Маған сабақ оқу керек» деп айту да орыс тілінен («мне» – «маған») сөзбе-сөз аударудың салдары екені көрініп тұр. «Мен сабақ оқу керекпіз» деу – тіпті орыссыз.

«Керектің» тіл заңдылығынан алшақ түрде жіктелуіне жол бермеуіміз керек (өлме бермеу керекпіз емес). Керек сөзінің алдында келетін етістіктің (бер (етістік) + болымсыз + тұйық етістік + тәуелдік жалғауы)) тәуелденетінін білген адам бұл қатені жібермеуге тиіс. Тәуелсіз блогерлердің орынды-орынсыз сөз саптауына құлағымыз үйренгені соншалық, дұрыс-бұрысын ажыратудан қалдық. Алайда мемлекеттік БАҚ-тардағы, үлкенді-кішілі түрлі арнадағы тілші-журналистерге не жорық?! Бүгінгі ұрпақ көз алдымызда «білу керек», «білуіміз керек», «оқу керек», «оқуымыз керек» деп айтылуы тиіс сөздерді «білу керекпіз», «оқу керекпіз» деп айтатындарды көріп, тыңдап өсіп келе жатыр. Әуелі өзіміз, үйдегі ата-ана, балабақша тәрбиешілері мен мұғалімдер, барша қоғам болып тіл тазалығына ұқыпты қарап, жауапкершілік танытуымыз керек. Олай болмаған жағдайда, әрбіріміз болашақ алдында айыптымыз.

**Бейімбет АПАХАНОВ,**  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,  
Ақмола облысы,  
Целиноград ауданы,  
Мәншүк ауылы

Материалдың толық нұсқасын газет сайтынан оқыңыздар.

№22 (4455) 23/02/2023 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ 27 АҚПАН



6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 «Күй-керуен»
7:00 «TANSHOLPAN».
10:00 AQRARAT
10:10 «Махаббат тұтқыны». Телехикая.



05:00 КИНО. "БІЗДІҢ СҮЙІКТІ ДӘРІГЕР"
07:00 ТИКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ "ОЯН!"
10:00 "БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ"
10:30 "БІР КІТАП"



06:00 «Сарай жаунары» корей телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» Мультфильм
09:00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы



6:00 «ЕҢ АЛҒЫШҚЫ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07:05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07:30 «ЭУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ»
09:50 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)
11:30 «КОСНУВШИСЬ СЕРДЦА»



06:00 Әзіл студия
07:00 Ризамын
08:00 What's up?
08:30 Т/сериял «Пинокио»
09:40 Күліп ALL



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:10 Т/п «Әжесінің баласы»
07:20 Т/п «Кершілер»
08:00 Т/п «Мезгілісі сезім»



07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08:00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)

СЕЙСЕНБІ

28 АҚПАН



6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQRARAT
7:00 «TANSHOLPAN».
10:00 AQRARAT



05:00 КИНО. "ШАБАНДОЗ ҚЫЗ"
07:00 ТИКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ "ОЯН!"
10:00 "УӘДЕ"
10:30 "ОДНА КНИГА"



06:00 «Сарай жаунары» корей телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» Мультфильм
09:00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы



6:00 «ЕҢ АЛҒЫШҚЫ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07:30 "ЭУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ"
09:40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10:10 "БЫЛО ДЕЛО"



06:00 Әзіл студия
07:10 Информбюро (повтор)
08:00 Ризамын
08:30 Т/сериял «Пинокио»
09:40 Күліп ALL



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:10 Т/п «Әжесінің баласы»
07:20 Т/п «Сезім симптомдары»
08:00 Т/п «Мезгілісі сезім»
09:00 Т/с «Шуша»



07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08:00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)

07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08:00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)

СӘРСЕНБІ

1 НАУРЫЗ



6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQRARAT
7:00 «TANSHOLPAN. АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ».



05:00 КИНО. "КӨШПЕНДІЛЕР"
07:00 ТИКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ "ОЯН!"
10:00 "НА ОСОБОМ КОНТРОЛЕ"
10:30 "БІР КІТАП"



06:00 «Сарай жаунары» корей телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» Мультфильм
09:00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы



6:00 «ЕҢ АЛҒЫШҚЫ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН!»



07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07:30 "ЭУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ"
09:40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10:10 "БЫЛО ДЕЛО"



06:00 Әзіл студия
07:10 Информбюро (повтор)
08:00 Ризамын
08:30 Т/сериял «Пинокио» 58
09:40 Күліп ALL



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:10 Т/п «Әжесінің баласы»
07:20 Т/п «Сезім симптомдары»
08:00 Т/п «Мезгілісі сезім»
09:00 Т/с «Шуша»



07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08:00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)

БЕЙСЕНБІ

2 НАУРЫЗ



6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQRARAT
7:00 «TANSHOLPAN».
10:00 AQRARAT



05:00 Кино. "Композитор"
07:00 Тикелей эфирде "Оян!"
10:00 "Ерекше бақылауда"
10:30 "Одна книга"



06:00 «Сарай жаунары» корей телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» Мультфильм
09:00 «АШЫ ШЫҢДЫҚ» тележоба

ШАҒАР ШЕЖІРЕСІ

СОЛ БІР «САЛТАНАТ»...

Тың төсіндегі Целиноград шағын қала болғанымен, өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының басында сауда орындарын халық тұтынатын тауарлармен қамтуда көпшіліктің көңілінен шығып жататын.



Сурет авторы: Айрауым Нұмахан

Әсіресе, орталық базар маңында орналасқан «Салтанат» әмбебап дүкеніне халық көп келетін. Өйткені мұнда келушілер тауардың түр-түрін таңдап, өз қалауларын сатып алып жататын. – Салтанат біз білегін ең үлкен сауда орталығы болды. Ішінде ерлер мен әйел киімдерінен бастап, радио тауарға дейін бәрі сатылатын. Сондықтан мұнда тек қала тұрғындары ғана емес, келімді-кетімді қонақтар да бас сұқпай кетпейтін, – деп еске алады байырғы целиноградтық Валентина Христа.

Суретте 1972 жыл. «Салтанаттың» аяққим бөлімінің меңгерушісі Надежда Хамзина мен сатушы Маргарита Плетнева тауар қабылдау үстінде.





7:00 «ЕҢ АЛҒЫШҚЫ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ӘУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ»
09.40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)

06:00 Әзіл студия
07:10 Информбюро (повтор)
08:00 Ризамын
08:30 Т/сернал «Пинокио»

06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:10 Т/х «Әжесінің баласы»
07:20 Т/х «Сезім симптомдары»

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)

19.00 Телехикая «Рауан» (каз.)
20.00 Шоу «ТАКСИ»
20.30 «СИЛЬНЕЕ»

ЖҰМА
3 НАУРЫЗ

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQPAPAT
7:00 «TANSHOLPAN».

05:00 Кино. "28 Панфиловцев"
07:00 Тикелей эфирде "Ояни!"
10:00 "Өнерге"
10:30 "Бір кітап"

06.00 «Сарай жаунары» корей телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «АШЫ ШЫНДЫҚ» тележоба

6:00 «ЕҢ АЛҒЫШҚЫ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ӘУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ»
09.25 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)

12.50 "ЛЮБОВЬ БЕЗ ТОРМОЗОВ"
15.00 "ВОЛК", острогоетный детектив
17.00 "СУЙГЕН ЖҮРЕК", корей телехикаясы

31

06:00 Әзіл студия
07:00 Информбюро (повтор)
07:50 Ризамын
08:30 Т/сернал «Пинокио»

06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:10 Т/х «Әжесінің баласы»
07:20 Т/х «Сезім симптомдары»

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)

СЕНБІ
4 НАУРЫЗ

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 AQPAPAT
7:05 «Дәуір даналары». Деректі фильм

05:00 "ҚЫЗЫҚ TIMES"
06:00 КОНЦЕРТ. "ЖҮРЕГІМ АҚ"
08:00 "КӨМБЕ"
08:40 "DARYN"

ASTANA TV

06.00 «Сарай жаунары» корей телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Улыбка пересмешника» телесериал

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:55 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:50 «ПОЕХАЛИ!»

07.05 "МӨССАҒАН"
08.10 "OZAT OTBACЫ", ток-шоу
09.00 "КТКweb" (қайталау)

06:00 Әзіл студия
07:00 Тамаша live
08:00 «Күліп ALL»

06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:40 Jaidartman
08:40 Т/п «Алло, бул кім?»

06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:40 Jaidartman
08:40 Т/п «Алло, бул кім?»

10:45 Т/п «Реформатор»
11:00 Х/с «Дети ветра»
14:50 Т/х «Паленшеестер»

НТК

07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
08.50 «Екі езу» (каз.)

ЖЕКСЕНБІ
5 НАУРЫЗ

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 AQPAPAT
7:00 «Күміс көмей»

05:00 "Қызық times"
06:00 Концерт. "Өмір өзен"
07:45 "Әке бақыты"
08:45 "Балақай"

06.00 «Сарай жаунары» корей телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Улыбка пересмешника» телесериал

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:20 «П@УТИНА» бағдарламасы
9:00 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»

11:30 «ОДНА НА ДВОИХ».
15:20 «ОДИН НА ВСЕХ»
18:55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!»

КТК

07.05 «ТАРТЫЛЫС КҮШІ» ән-шоу
08.10 «OZAT OTBACЫ», ток-шоу
09.00 «ЮМОРИНА», шоу-программа

06:00 Әзіл студия
07:00 What's up?
08:00 Тамаша live
09:00 «TeleBingo» прямой эфир

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/х «Паленшеестер»
08:40 Т/п «Алло, бул кім?»

19:50 «ПИНГВИНЫ МАДАГАСКАРА» (анимационный фильм)
12:50 «СТУРБО» (анимационный фильм)

07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
08.50 «Екі езу» (каз.)

СУРЕТ СЫРЫ

ЭДИТА ПЬЕХА – ЦЕЛИНОГРАДТА

Керемет даусымен, өзіндік нақышымен одаққа машұр поляк қызы Эдита Пьеха студент кезінде-ақ еліне атағы шыққан «Дружба» ансамблінің құрамында ән айтып, өнерсүйер қауымға кеңінен танылды.

Ол әсіресе, сол кездегі даңқы алысқа кеткен композиторлар Марк Фрадкин, Александр Пахмутова, Владимир Успенскийдің әндерін орындап, халық арасында үлкен құрметке бөленді.

Шетел әндерін орыс тілінде тамылжыта шырқайтын эстрада жұлдызы КСРО халық әртісі атағына ие болды. Ол 1979 жылы «Золотой голос» өнер фестивалінің құрамында Целиноград қаласына келіп, «Тың

игерушілер» сарайында концерт қойды. Соның алдында ғана Куба халық республикасының астанасы Гаванада «Ән ханшайымы» мәртебесін иеленіп, орыс тілінде орындаған шетелдік әндерінің 20-дан астам

күйтабағын шығарған әншіні целиноградтықтар құшақ жая қарсы алды. Суретте Эдита Пьеханың «Тың игерушілер» сарайында ән шырқау сәті. Ғазиза ИСАХАН

Сурет Астана қаласының мемлекеттік архивінен алынды



## АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ

№	Аудан	Учас-ке нө-мірі	Теле-фон	Сайлау учаскесі орны	Мекенжайы
1	Алматы	1	547707	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Алматы ауданы, Қажымұқан, 13
2	Алматы	2	361025	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Студенттер үйі	Алматы ауданы, Мағжан Жұмабаев, 14
3	Алматы	3	575012	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Студенттер үйі	Алматы ауданы, Мағжан Жұмабаев, 14/1
4	Алматы	4	354219	Қоғамдық тамақтану және сервис колледжі	Алматы ауданы, Бейімбет Майлин, 12
5	Алматы	5	354609	Қоғамдық тамақтану және сервис колледжі	Алматы ауданы, Бейімбет Майлин, 12
6	Алматы	6	353870	Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» МКҚК	Алматы ауданы, Бейімбет Майлин, 12
7	Алматы	7	345201	№ 28 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Алексей Петров, 8
8	Алматы	8	576702	№ 28 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Алексей Петров, 8
9	Алматы	9	576561	№10 балалар мен жасөспірімдердің шайбалы хоккейден мамандандырылған спорт мектебі	Алматы ауданы, Қажымұқан, 9
10	Алматы	10	346150	№ 30 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Алексей Петров, 11
11	Алматы	11	346472	№ 30 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Алексей Петров, 11
12	Алматы	12	576038	№ 22 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Жанайдар Жирентаев, 16
13	Алматы	13	576571	№ 22 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Жанайдар Жирентаев, 16
14	Алматы	14	345641	Еуразия гуманитарлық институты	Алматы ауданы, Мағжан Жұмабаев, 4А
15	Алматы	15	576032	Астана халықаралық университетінің педагогикалық колледжі	Алматы ауданы, Лияс Жансүгірұлы, 4
16	Алматы	16	576035	Астана халықаралық университетінің педагогикалық колледжі	Алматы ауданы, Лияс Жансүгірұлы, 4
17	Алматы	17	345403	№ 32 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Абылай хан, 25/3
18	Алматы	18	345081	№ 32 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Абылай хан, 25/3
19	Алматы	19	345682	Сырбай Мәуленов атындағы № 37 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Күйші Дина, 44/3
20	Алматы	20	345974	Сырбай Мәуленов атындағы № 37 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Күйші Дина, 44/3
21	Алматы	21	345821	Сырбай Мәуленов атындағы № 37 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Күйші Дина, 44/3
22	Алматы	22	576044	№ 38 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Ғабит Мүсірепов, 8/2
23	Алматы	23	423511	№ 38 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Ғабит Мүсірепов, 8/2
24	Алматы	24	576041	№ 38 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Ғабит Мүсірепов, 8/2
25	Алматы	25	346949	Бейімбет Майлин атындағы № 52 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Бұрабай, 38
26	Алматы	26	347655	№ 29 орта мектеп	Алматы ауданы, М. Горький, 22
27	Алматы	27	347471	Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы	Алматы ауданы, Жамбыл Жабаев, 14
28	Алматы	28	238975	№ 13 орта мектеп	Алматы ауданы, Шалкөде, 5
29	Алматы	29	334362	Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектеп	Алматы ауданы, Шарбақты, 46
30	Алматы	30	336621	Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектеп	Алматы ауданы, Шарбақты, 46
31	Алматы	31	336317	№ 43 қосымша білім беру мектеп-орталығы	Алматы ауданы, Бастау, 2
32	Алматы	32	346349	№ 44 орта мектеп	Алматы ауданы, Нұрлыжол, 8
33	Алматы	33	345762	№ 42 орта мектеп	Алматы ауданы, Жанатұрмыс, 6/2
34	Алматы	34	360034	Райымбек батыр атындағы № 50 «Қазғарыш» мектеп-лицей	Алматы ауданы, Күйші Дина, 6
35	Алматы	35	360063	Райымбек батыр атындағы № 50 «Қазғарыш» мектеп-лицей	Алматы ауданы, Күйші Дина, 6
36	Алматы	36	360180	Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 48 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Жанайдар Жирентаев, 15/2
37	Алматы	37	360119	Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 48 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Жанайдар Жирентаев, 15/2
38	Алматы	38	345007	Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ МКК	Алматы ауданы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, 16
39	Алматы	39	345892	Мұстафа Шоқай атындағы № 51 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Аманат, 5
40	Алматы	40	345597	Мұстафа Шоқай атындағы № 51 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Аманат, 5
41	Алматы	41	334417	Мұстафа Шоқай атындағы № 51 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Аманат, 5
42	Алматы	42	447405	Бауыржан Момышұлы атындағы № 53 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Қарқабат, 17
43	Алматы	43	572034	Бауыржан Момышұлы атындағы № 53 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Қарқабат, 17
44	Алматы	44	572018	Бауыржан Момышұлы атындағы № 53 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Қарқабат, 17
45	Алматы	45	576047	№ 64 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Ғабит Мүсірепов, 15
46	Алматы	46	526004	№ 64 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Ғабит Мүсірепов, 15
47	Алматы	47	525977	№ 64 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Ғабит Мүсірепов, 15
48	Алматы	48	345752	Астана қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ	Алматы ауданы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, 25/3
49	Алматы	49	572014	№ 63 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Лепсі, 38
50	Алматы	50	572013	№ 63 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Лепсі, 38
51	Алматы	51	427784	NURORDA» мектеп-лицейі	Алматы ауданы, Қасым Аманжолов, 34
52	Алматы	52	575011	№ 92 мектеп-лицей	Алматы ауданы, А 351, 3
53	Алматы	53	335370	№ 70 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Майқайың, 1
54	Алматы	54	346075	Ыбырай Алтынсарин атындағы № 83 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Ахмет Байтұрсынұлы, 35
55	Алматы	55	427789	NURORDA» мектеп-лицейі	Алматы ауданы, Қасым Аманжолов, 34
56	Алматы	56	572022	№ 72 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Ахмет Байтұрсынұлы, 25
57	Алматы	57	572027	№ 72 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Ахмет Байтұрсынұлы, 25
58	Алматы	58	572024	Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы	Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы, 5
59	Алматы	59	572025	Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы	Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы, 5
60	Алматы	60	347925	№ 73 мектеп-лицей	Алматы ауданы, А 191, 2
61	Алматы	61	238272	Мұқағали Мақатаев атындағы № 74 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Темірбек Жүргенов, 29
62	Алматы	62	346148	Мұқағали Мақатаев атындағы № 74 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Темірбек Жүргенов, 29
63	Алматы	307	238956	№ 93 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Жүмекен Нәжімеденов, 24
64	Алматы	308	336281	№ 72 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Жүмекен Нәжімеденов, 8
65	Алматы	309	572041	Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі	Алматы ауданы, Тауелсіздік, 54
66	Алматы	310	572058	Қазақ ұлттық өнер университеті	Алматы ауданы, Тәуелсіздік, 50
67	Алматы	311	572056	Мұхтар Әуезов атындағы № 86 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Аманжол Бөлекпаев, 20
68	Алматы	323	345806	№ 32 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Абылай хан, 25/3
69	Алматы	324	336791	Бейімбет Майлин атындағы № 52 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Бұрабай, 38
70	Алматы	325	346350	А. Байтұрсынұлы атындағы Binom school	Алматы ауданы, Ахмет Байтұрсынұлы, 49А
71	Алматы	326	346678	№ 44 орта мектеп	Алматы ауданы, Нұрлыжол, 8
72	Алматы	327	345930	Астана қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ	Алматы ауданы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, 25/3
73	Алматы	328	525934	№ 64 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Ғабит Мүсірепов, 15
74	Алматы	329	572052	Қазақ ұлттық өнер университеті	Алматы ауданы, Тәуелсіздік, 50
75	Алматы	330	335404	№ 91 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Анатолий Храпатый, 10
76	Алматы	331	334142	Мұқағали Мақатаев атындағы № 74 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Темірбек Жүргенов, 29
77	Алматы	332	572012	Мұхтар Әуезов атындағы № 86 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Аманжол Бөлекпаев, 20
78	Алматы	333	346001	Ыбырай Алтынсарин атындағы № 83 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Ахмет Байтұрсынұлы, 35
79	Алматы	355	572026	Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы	Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы, 5
80	Алматы	356	575022	№ 13 орта мектеп	Алматы ауданы, Шалкөде, 5
81	Алматы	357	346530	А. Байтұрсынұлы атындағы Binom school	Алматы ауданы, Ахмет Байтұрсынұлы, 49А
82	Алматы	358	336016	Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектеп	Алматы ауданы, Шарбақты, 46
83	Алматы	359	224743	Достық үйі	Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы, 26
84	Алматы	360	224617	Достық үйі	Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы, 26
85	Алматы	361	576509	NURORDA» мектеп-лицейі	Алматы ауданы, Қасым Аманжолов, 34
86	Алматы	362	572032	№ 72 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Ахмет Байтұрсынұлы, 25
87	Алматы	363	572011	Мұхтар Әуезов атындағы № 86 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Аманжол Бөлекпаев, 20
88	Алматы	364	989627	№ 93 мектеп-лицей	Алматы ауданы, Жүмекен Нәжімеденов, 24
89	Алматы	365	572049	Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі	Алматы ауданы, Тәуелсіздік, 54
90	Алматы	366	564101	Астана қаласы Д.А. Қонаев атындағы колледжі	Алматы ауданы, Манас, 23/2
91	Алматы	367	346473	Ыбырай Алтынсарин атындағы № 83 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Ахмет Байтұрсынұлы, 35
92	Алматы	414	346907	№ 91 мектеп-гимназия	Алматы ауданы, Анатолий Храпатый, 10
93	Байқоңыр	63	576039	Жамбыл Жабаев атындағы № 4 мектеп-гимназия	Байқоңыр ауданы, Шәкен Айманов, 3
94	Байқоңыр	64	576008	Жамбыл Жабаев атындағы № 4 мектеп-гимназия	Байқоңыр ауданы, Шәкен Айманов, 3
95	Байқоңыр	65	576003	Жамбыл Жабаев атындағы № 4 мектеп-гимназия	Байқоңыр ауданы, Шәкен Айманов, 3
96	Байқоңыр	66	576750	Ramada Plaza Astana	Байқоңыр ауданы, Абай, 47
97	Байқоңыр	67	576751	Ramada Plaza Astana	Байқоңыр ауданы, Абай, 47
98	Байқоңыр	68	576745	№ 31 мектеп-гимназия	Байқоңыр ауданы, Кенесары, 49
99	Байқоңыр	69	576063	№ 31 мектеп-гимназия	Байқоңыр ауданы, Кенесары, 49
100	Байқоңыр	70	576701	№ 10 Жұмабек Тәшенов атындағы мектеп-гимназия	Байқоңыр ауданы, Мәлік Ғабдуллин, 7
101	Байқоңыр	71	576703	№ 10 Жұмабек Тәшенов атындағы мектеп-гимназия	Байқоңыр ауданы, Мәлік Ғабдуллин, 7
102	Байқоңыр	72	334774	№ 54 мектеп-лицей	Байқоңыр ауданы, Шолпан Иманбаева, 4
103	Байқоңыр	73	335930	№ 54 мектеп-лицей	Байқоңыр ауданы, Шолпан Иманбаева, 4
104	Байқоңыр	74	440612	№ 27 мектеп-лицей	Байқоңыр ауданы, Таха Хусейн, 5/1
105	Байқоңыр	75	440352	№ 27 мектеп-лицей	Байқоңыр ауданы, Таха Хусейн, 5/1
106	Байқоңыр	76	988482	«Астана шаруашылық басқармасы» ЖШС	Байқоңыр ауданы, Жұмабек Тәшенов, 25
107	Байқоңыр	77	346581	Республикалық Каратэ орталығы	Байқоңыр ауданы, Жұмабек Тәшенов, 7/2
108	Байқоңыр	78	521261	Экономикалық-заң колледжі	Байқоңыр ауданы, Ә. Сембинов, 23
109	Байқоңыр	79	239886	Технологиялық колледжі	Байқоңыр ауданы, Сәкен Сейфуллин, 59
110	Байқоңыр	80	239233	Технологиялық колледжі	Байқоңыр ауданы, Сәкен Сейфуллин, 59
111	Байқоңыр	81	202629	№ 26 «Үміт» балабақшасы	Байқоңыр ауданы, Генерал Сабыр Рақымов, 33
112	Байқоңыр	82	334498	№ 54 мектеп-лицей	Байқоңыр ауданы, Шолпан Иманбаева, 4
113	Байқоңыр	83	523727	«Қазпотребсоюз» жоғары сауда-экономикалық колледжі	Байқоңыр ауданы, Кенесары, 60
114	Байқоңыр	84	371060	Төлеген Айбергенов атындағы № 16 орта мектеп	Байқоңыр ауданы, Кенесары, 81
115	Байқоңыр	85	372139	Төлеген Айбергенов атындағы № 16 орта мектеп	Байқоңыр ауданы, Кенесары, 81
116	Байқоңыр	86	576748	№ 5 гимназия	Байқоңыр ауданы, Жәнібек Тархан, 16
117	Байқоңыр	87	239447	Абай Құнанбайұлы атындағы № 87 мектеп-гимназия	Байқоңыр ауданы, Амангелді Иманов, 37
118	Байқоңыр	88	373042	Esil university	Байқоңыр ауданы, Ахмет Жұбанов, 7
119	Байқоңыр	89	371101	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Байқоңыр ауданы, Александр Пушкин, 11
120	Байқоңыр	90	371108	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Байқоңыр ауданы, Александр Пушкин, 11
121	Байқоңыр	91	988185	Абай Құнанбайұлы атындағы № 87 мектеп-гимназия	Байқоңыр ауданы, Амангелді Иманов, 37
122	Байқоңыр	92	274016	«Астана су арнасы» ШЖҚ МКК	Байқоңыр ауданы, Абай, 103
123	Байқоңыр	93	379015	«Астана су арнасы» ШЖҚ МКК	Байқоңыр ауданы, Абай, 103
124	Байқоңыр	94	988518	Құрылыс-техникалық колледжі	Байқоңыр ауданы, Әл-Фараби, 53/3
125	Байқоңыр	95	335216	№ 55 орта мектеп	Байқоңыр ауданы, Жағанша Досмұхамедұлы, 2
126	Байқоңыр	96	415897	«Шипагер» медициналық колледжі	Байқоңыр ауданы, И.Чехов, 14/1
127	Байқоңыр	97	335149	№ 34 орта мектеп	Байқоңыр ауданы, Тайбырлы, 23
128	Байқоңыр	98	988850	№ 23 орта мектеп	Байқоңыр ауданы, Тайбырлы, 17
129	Байқоңыр	99	986153	№ 21 орта мектеп	Байқоңыр ауданы, Қ. Кеменгерұлы, 4
130	Байқоңыр	100	988011	№ 21 орта мектеп	Байқоңыр ауданы, Қ. Кеменгерұлы, 4
131	Байқоңыр	101	239050	№ 49 орта мектеп	Байқоңыр ауданы, Сарыадыр, 3
132	Байқоңыр	102	239841	№ 49 орта мектеп	Байқоңыр ауданы, Сарыадыр, 3

Table with 5 columns: ID, Status, Number, Name, Address. Rows 150-204.

Table with 5 columns: ID, Status, Number, Name, Address. Rows 205-254.

Table with 5 columns: ID, Status, Number, Name, Address. Rows 255-304.

## СӘКЕН МУЗЕЙІНІҢ ЖӘДІГЕРЛЕРІ

Астанадағы М.Әуезов пен С.Сейфуллин көшелерінің қиылысында осыдан 150 жыл бұрын бой көтерген ағаш үй бар. Мұнда бұл күнде Сәкен Сейфуллин музейі орналасқан. Ақпан айында аталмыш мұражайдың ашылғанына 35 жыл толды. Музейдің тұңғыш директоры – Роза Асылбекова. Қазіргі басшысы – көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы.



Музейде көптеген жәдігерлер жинақталған. Атап айтқанда, Сәкеннің шығармашылығына қатысты төте жазу мен латын графикасымен жарық көрген еңбектеріне байланысты жақында «Латын және төте қарпімен жазылған Сәкен шығармалары» атты көрме өтті. Көрмеге қойылған еңбектердің арасында Сәкеннің өз туындылары ғана емес, ол құрастырған кітаптар да болды.

Мұражайға кіргеннен бастап ерекше атмосфераны сезінесіздер. Кіріс есік алдындағы төселген кілем, ағаш есіктердің ашылып жабылуына дейін

сол заманның көрінісі іспетті. Музей осындай қарапайым ерекшеліктерімен келген қонақтарды өзіне тартады.

Мұражай орналасқан үйде Сәкен Сейфуллин өмір сүрмеген. Сәкеннің осында жұмыс істегендігі айтылады. Өзінің тұрған үйі қазіргі Амангелді Иманов көшесінде болған деседі. Ол үйдің орнына биік ғимараттар мен мейрамхана бой көтерген.

Музей сыртының өзі кетіп бара жатқан тұрғындарды шақырып тұрса, ішіндегі құндылықтың мәні тіптен терең. Мұражайда ел үшін ғұмырын

арнаған тұлғаның өмір жолы мен шығармашылығы және отбасы туралы мәліметтер сақталған. Музей қонақтары жай тамашалап қана қоймай, рухани азық алып қайтары анық.

Бірінші залда «Ақсұңқар Сәкен» деп аталатын үлкен гобеленге көзіміз түсті. Бұл 2008 жылы арнайы тапсырыспен жасалған. Келесі зал Сәкеннің балалық және жастық шағына арналған. Ол бөлмеде Сәкеннің оқып білім алған жерлері мен оқушыларға сабақ бергені туралы мәліметтер сыр шертеді. Үшінші залда Сәкеннің қоғамдық және мемлекеттік қызметі ту-

ралы мұралар сақталған. Онда Сәкен Ақмолада тұрған үйінің макеті қойылған. Сәкен Сейфуллин туралы толық ақпарат білгісі келетін адам міндетті түрде осы музейге келуі керек.

Бізге экскурсия қызметкері Гүлсара Сұлтанқызы көрнекті тұлғаның өмірбаяны мен шығармашылығы туралы баяндап береді. Жәдігерлердің бірі – Сәкен Сейфуллиннің 1927 жылы араб графикасымен жарық көрген «Тар жол, тайғақ кешу» романы. Романның 1936 жылғы екінші басылымы латын графикасымен, кейін 1960-2004 жылдары кирилл әрпімен баспадан бірнеше рет шығып, қырғыз, ұйғыр, орыс тілдеріне аударылды. Кітаптың алғашқы беттерінде Алаш көсемдері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлының суреттері берілген.

Мұражайда Сәкен Сейфуллин киген костюм шалбары мен туфли көзге ерекше түседі. Бұл жәдігерлер Сәкеннің киімге өте ұқыптылықпен қарағанын танытады. Олардың жанында Сәкеннің таяғы бар. Сол заманда зиялы қауым өкілдері таяқты сән үшін қолданатын болған.

Әдеби залда өзбек шапаны мен тақия сақталған. Бұларды Сәкен 40 жасқа толғанда өзбек жазушылары сыйлаған. 1936 жылы Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығының 20 жылдығы атап өтілді. Соған Совет үкіметі алтын сағат сыйлаған. Сағаттың артында Сәкеннің есімі жазылған.

– Бұл музейден жазушының жары туралы да мол мағлұмат алуға болады. Сәкен Сейфуллин-



ге арналған жеке кабинет бар. Мұнда ақынның жазу үстелі, киім ілгіш, баспа машинкасы, кітап сөресі, шкаф, портрет, кілем, қолшатыры мен қабырға сағаттары тұр. Бұл бөлмедегі үстелге Сәкен еңбектерін жазған. 1922 жылы қатарынан үш туындысы жарық көрді. Бұл – «Бақыт жолында», «Асау тұлпарлар», «Қызыл сұңқарлар» атты шығармалары. Сонымен қатар «Еңбекші қазақ» газетінде жарық көрген «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген мақаласын да осы жерде отырып

жазған, – дейді экскурсия қызметкері Гүлсара Сұлтанқызы. «Ел есінде» деп аталатын залда Сәкеннің ғұмырының соңына байланысты жәдігерлер орналасқан. Ату жазасына бұйырған анықтамалары, тұтқындау жөніндегі құжаттары, тінту қаулысы, айыптау қорытындысы - барлығы осы залда сақталған.

Алмагүл БЕРДІМҰРАТ,  
Л.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университетінің 4-курс студенті



## ШЕКСПИР ШУАҒЫ

Астана қаласы әкімдігінің «Жастар» театры ақпан айының 24-26 ақпан күндері «Шекспирмен үш күн» атты классик драматург Уильям Шекспир шығармалары бойынша спектакль күндерін өткізеді.

Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

24 ақпанда «Ханзада (HAMLET)» трагедиясы, 25 ақпан «Ромео – Жульетта» трагедиясының премьерасы, 26 ақпанда «Асауға тұсау» комедиясы көрсетіледі. Аталмыш қойылымдардың қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық иегері Нұрқанат Жақыпбай.

Бұл жобаны режиссер біраздан бері ойға алған.

«Шекспирден асып кеткен драматург жоқ. Шекспир – драматургияның шыңы. Ол барлық халыққа бірдей.

Одан жақсы материал алып, актердің өсуіне де жағдай жасауға болады» дейді Нұрқанат Жақыпбай.

Оның қолтаңбасындағы Шекспирдің ерекшелігі қазақ болмысына жақын. «Асауға тұсау» комедиясы бірнеше фестивальде топ жарды. Атап айтқанда, Сәбира Майқанованың 100 жылдығына арналған XXII республикалық театр фестивалінде және Жұмат Шаниннің 125 жылдығына арналған түркі әлемі театрларының «Театр көктемі-2017» халықаралық фестивалінде бас жүлде, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай ұйымдастырылған «Қазақстан – Еуразия жүрегі» атты Орта Азия елдерінің VI халықаралық фестивалінде бірінші орын алды.

## МҮСІНШІМЕН КЕЗДЕСТІ

21 ақпан Халықаралық экскурсия жүргізушілері күні қарсаңында Астана қаласы әкімдігінің Бірлескен мұражайлар дирекциясына қарасты тарихи-мәдени мұра объектілерін және ескерткіштерді сақтауды қамтамасыз ету орталығы бірқатар шаралар өткізді.

Осы орталықтың зерттеу жұмыстары бөлімінің жетекшісі Мәншүк Исаева «Astana Polytechnic» жоғары колледжінің «Туризм» бөлімінің 2-курс студенттерін Қазақ хандығының негізін қалаушылар Керей мен Жәнібек хандардың елордадағы ескерткішімен таныстырды.

Қала әкімдігінің артындағы саябақта орналасқан аталған ескерткіш 2010 жылдың 1 маусымында ашылды. Іргетасынан бастап, найзаның ұшына дейінгі жалпы биіктігі 12 метрді құрайды. Авторы – мүсінші Ринат Әбенев.

Студенттер Керей мен Жәнібек хандардың еңбегі, ескерткіш туралы мәліметтерге қаныққан соң, оның авторымен шеберханасында кездесті. Мүсінші мүсіндердің жасалу барысына тоқталып,

студенттердің сұрақтарына жауап берді. Бір айта кетерлігі, Ринат Әбенев – бұл ескерткіштен бөлек, бас қаладағы «Қазақ еліне мың алғыс» монументінің, генерал Иван Панфилов ескерткішінің және басқа да бірқатар мүсіндердің авторы. Жалпы оның туындыларының географиясы өте кең. Мүсіншінің ескерткіштері Қазақстанның көптеген қалаларындағы алаңдар мен саябақтарға көрік беріп тұр.

Бұған қоса, Астана қаласындағы туристік агенттіктердің экскурсия жүргізушілеріне жаяу жүргіншілер экскурсиясы өткізілді. Оның мақсаты – елордадағы жергілікті маңызы бар мәдени мұра нысандарының тізіміне енгізілген тарих және мәдениет ескерткіштерін танымал ету болды.

## СПОРТ



## ШАХМАТШЫЛАР ТУРНИРИ

Кеше Астанадағы әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында шахматтан республикалық шахмат олимпиадасының елордалық чемпионаты мәресіне жетті.

Ғалым  
ҚОЖАБЕКОВ

Бұл жарыста қаланың 60-қа жуық мектебінен 8-17 жас аралығындағы 300 оқушы бақ сынады. Қалалық чемпионаттың жүлдегерлеріне Астана қаласы Білім басқармасының «Өркен» балалар мен жасөспірімдердің денешынықтыру орталығы тағайындаған диплом, медаль және бағалы сыйлықтар табыс етілді. Қалалық турнирдің

жеңімпаздары республикалық шахмат олимпиадасында елорда намысын қорғайтын болады.

Бүгінгі таңда елордада 5 мыңға жуық бала шахмат үйірмелеріне қатысады.

Еске сала кетейік, биыл Астанада шахматтан әлем чемпионаты өтеді. Байрақты бөсекені Қазақстан елордасында өткізу туралы шешімді Халықаралық шахмат федерациясы (ФИДЕ) шығарды.